

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ
№44 АУЫСЫМДЫҚ (КЕШКІ) ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕП
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
ӨЗІН-ӨЗІ АТТЕСТАТТАУ
НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

МАЗМҰНЫ

- Білім беру мекемесінің лицензиясы
- Өзін-өзі аттестаттау бұйрығы
- Өзін - өзі аттестаттаудан өткізудің мақсаты мен міндеттері
- Өзін-өзі аттестаттаудан өткізу бағдарламасы

5.1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

5.2. Кадрлық құрам

5.3. Білім алушылардың контингенті

5.4. Оқу-әдістемелік жұмыс

5.5. Оқу- тәрбие жұмысы

5.6. Оқу-материалдық активтер

5.7. Кітапханалық қорлар

5.8. Кемшіліктер мен ұсыныстар

5.9. Өзін-өзі аттестаттау қорытындысы

- Қосымшалар
- Өзін-өзі аттестаттау қорытындысы



Лицензия

20.12.2017 год

№ KZ83LAA00010541

Выдана

Коммунальное государственное учреждение "Сменная (вечерняя) общеобразовательная школа №44" государственного учреждения "Отдел образования города Актобе"

030000, Республика Казахстан, Актюбинская область, Актобе Г.А., г.Актобе, УЛИЦА ШЕРНИЯЗА ЖАРЫЛГАС-УЛЫ, дом № 47., БИН/ИИН: 970440000768

(полное наименование, местонахождение, бизнес-идентификационный номер юридического лица (в том числе иностранного юридического лица), бизнес-идентификационный номер филиала или представительства иностранного юридического лица - в случае отсутствия бизнес-идентификационного номера у юридического лица/полностью фамилия, имя, отчество (в случае наличия), индивидуальный идентификационный номер физического лица)

На занятие

Образовательная деятельность

(наименование лицензируемого вида деятельности в соответствии с Законом Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях»)

Особые условия

(в соответствии со статьей 36 Закона Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях»)

Примечание:

Неотчуждаемая; класс 1

(отчуждаемость, класс разрешения)

Лицензиар

**Департамент по контролю в сфере образования Актюбинской области
Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства
образования и науки Республики Казахстан**

(полное наименование лицензиара)

**Руководитель
(уполномоченное лицо)**

Сүлейменова Гүлназ Туралиновна


(фамилия, имя, отчество (в случае наличия))

Дата первичной выдачи: «09» января 2017 г.

Срок действия лицензии: «___» _____ г.

Место выдачи

г.Актобе



Бұл құжат КС «063» заңнамалық актісімен белгіленген «Электрондық құжат және электрондық сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған. Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексеріңіз. Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.





**Приложение к лицензии для
занятия образовательной
деятельностью**

Номер лицензии KZ83LAA00010541

Дата выдачи лицензии 20 декабря 2017 года

Подвид(ы) лицензируемого вида деятельности

(наименование подвида лицензируемого вида деятельности в соответствии с Законом Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях»)

- Основное среднее образование

- Общее среднее образование

№	Шифр	Наименование специальности	Сроки обучения
---	------	----------------------------	----------------

Основание для выдачи 20.12.2017 год, приказ №600 нк

(номер и дата приказа лицензиара о выдаче лицензии)

Лицензиат

Коммунальное государственное учреждение "Сменная (вечерняя) общеобразовательная школа №44" государственного учреждения "Отдел образования города Актобе"

030000, Республика Казахстан, Актобинская область, Актобе Г.А., г.Актобе, УЛИЦА ШЕРНИЯЗА ЖАРЫЛГАС-УЛЫ, дом № 47., БИН/ИИН: 970440000768

(полное наименование, местонахождение, бизнес-идентификационный номер юридического лица (в том числе иностранного юридического лица), бизнес-идентификационный номер филиала или представительства иностранного юридического лица - в случае отсутствия бизнес-идентификационного номера у юридического лица/полностью фамилия, имя, отчество (в случае наличия), индивидуальный идентификационный номер физического лица)

Лицензиар

Департамент по контролю в сфере образования Актобинской области
Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства
образования и науки Республики Казахстан

(полное наименование органа, выдавшего приложение к лицензии)

Руководитель

(уполномоченное лицо)

Сулейменова Гулназ Туралиновна

(фамилия, имя, отчество (в случае наличия))

Номер приложения


001

Место выдачи

г.Актобе

Дата выдачи приложения

20 декабря 2017 года





030002, Ақтөбе қаласы, Ж.Шернияз көшесі, 47

тел.73-03-52, email: shk.44@mail.ru

2022 жыл «16» ақпан

№ 17 н/к

030002, город Актөбе, ул.Ж.Шернияз, 47

тел.73-03-52, email: shk.44@mail.ru

«16» февраля 2022г

«Білім беру қызметінде өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу туралы»

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы № 319 Заңының 59 бабы 4-1 бөлімі талабына және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-ң шығыс хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Білім беру қызметінде өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу барысында төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынсын:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016жылғы 2 ақпандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшеу шарттарын бекіту туралы» №124 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 26.07.2021ж №366 бұйрығымен өзгерістер болған);
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамсыз ету комитеті төрағасының 2021жылғы 10 қыркүйектегі «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымы» №700 бұйрығына қосымша;
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамсыз ету комитеті төрағасының 2021жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтың 3-тарау, 51 тармағында «Өзін-өзі бағалау білім беру ұйымдарымен Бағалау өлшем шарттарына сәйкес жүргізіледі». Алдыңғы мемлекеттік аттестаттау болып табылмайтын жыл сайынғы өзін-өзі бағалау білім беру ұйымдарында сауалнама жүргізу және оқыту нәтижелерін бағалау рәсімдерінсіз жүргізіледі, бұл ретте толық оқу жылы білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ескере отырып, бағаланатын кезең болып табылады.
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамсыз ету комитеті төрағасының 2021жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтың 3-тарау, 52 тармағына сәйкес, өзін-өзі бағалау материалдары міндетті түрде мектептің интернет ресурсына орналастырылсын.
5. Үстіміздегі жылдың ақпан айында өзін-өзі бағалау жұмыстары басталып, наурыз айының 1-і күні өзін өзі бағалау материалдары орналастырылған интернет ресурстың(сайттың) сілтемесі Департаментке ұсынылсын.
6. Жыл сайын өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізіліп, материалдар орналастырылған интернет ресурстың сілтемесін Департаменте тұрақты қазан айының 1-і күні ұсынылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау оқу-тәрбие ісінің орынбасары К.Есенбаеваға, оқу ісінің орынбасары Г.З.Ахметоваға, психолог А.М.Дюсуповаға, кітапханашы Б.Жаксыбаеваға жүктелсін.

Бұйрықпен танысты: К.Есенбаева

Г.Ахметова

А.Дюсупова

Б.Жаксыбаева

Мектеп директоры



Г.Гумарова

«№44 ауысымдық (кешкі) жалпы білім беретін мектеп» КММ 21.02.-28.02.2022 жыл аралығында өзін-өзі аттестаттау жұмысын жүргізді. Білім беру қызметінде өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу барысында төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшеу шарттарын бекіту туралы» №124 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 26.07.2021ж №366 бұйрығымен өзгерістер болған);

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамсыз ету комитеті төрағасының 2021жылғы 10 қыркүйектегі «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымы» №700 бұйрығына қосымша;

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамсыз ету комитеті төрағасының 2021жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығы.

Мақсаты:

Мектеп қызметіне жұмылдыру және өзін-өзі талдау, өзін-өзі аттестаттауға дайындық жүргізуде қолайлы орта құру үшін объективті ақпарат алу;

Білім беру саласының, деңгейінің және мазмұнының жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сай болуын анықтау;

Мектеп педагогтарының кәсіби өсуін анықтау;

Оқушылардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуына ықпал ететін механизмдерінің құрылуын зерттеу.

Міндеттері:

Оқу-тәрбие үдерісі жағдайы мен оның нәтижесіне сәйкес мектептің жұмыс жүйесін нақтылау;

Оқу-тәрбие үдерісінде кездесетін өзекті тұстарды айқындау;

Оқу-тәрбие үдерісіндегі оңды жұмыстарды анықтау және оларды дамыту жолдарын қарастыру;

Педагогикалық үрдістің, оқушылардың тәрбиелік деңгейінің, педагогикалық ұжымдағы ахуалдың толық көрінісін жасау, құру.

Аттестация кезінде әртүрлі әдіс-тәсілдер қолдану: 9, 11 - сыныптардың білім сапасын бақылау, бірлестіктер жұмысы, пән мұғалімдері психолог, кітапхана, жалпыға бірдей міндетті білім беру бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар тексеріліп қорытындылау.

5.1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Мектеп туралы ақпараттық мәлімет

1. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден өтуі немесе қайта өтуі туралы куәлігі (білім беру ұйымының толық атауы, ашылу жылы, заңды мекен-жайы, электронды мекен-жайы, телефон, факс);

Заңды тұлғаның мекен – жайы: 030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Шернияз көшесі - 47 үйде орналасқан.

Мектеп 2005 жылы 1 шілдеде Ақтөбе қаласының әкімдігі №839 қаулысы негізінде «№44 ауысымдық (кешкі) жалпы білім беретін мектеп» ММ болып ашылды, жалпы білім беретін мектеп мекеменің ішкі аймағында екі қабатты ғимаратта орналасқан. Жалпы алаңы – 830,2 ш.м., пайдалы алаңы – 830,2 ш.м.

Мектептегі оқыту, тәрбиелеу тілі – қазақ тілі, орыс тілі.

Қазақстан Республикасы Салық төлеушінің куәлігі: 24.04.97 жылдан бастап салық төлеуші ретінде тіркелген және оған 061800067488 салық төлеушінің тіркеу нөмірі берілген. Серия 06, № 0009405.

Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН): 970440000768, берілген күні 14.07.2005ж; Тіркеу нөмірі № 3059- 1904-ММ. Серия В № 0261849.

Заңды тұлғаның мемлекеттік тілде атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№44 ауысымдық (кешкі) жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Телефон: 73-03-47

73-03-52

Электрондық адрес: svosh.44@mail.ru

2. Статистикалық карта

ҚҰЖС мемлекеттік классификаторы бойынша коды	38384546
ҚҰЖС кодының берілген күні	17.04.1997 ж.
Бизнес сәйкестендіру нөмірі /БСН/	970440000768
БСН берілген күні	07.11.2017 ж.

3. Білім беру ұйымының Жарғысы

Мектеп Жарғысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 11.12.2020 ж. №448 қаулысымен бекітілген.

4. Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясы

Жалпы орта білім беру саласындағы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берілген мемлекеттік лицензия (№KZ83LAA00010541 20.12.2017 ж., Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті).

5. Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін жеке меншік немесе шаруашылықты жүргізуге құқығы немесе оперативтік басқару бойынша материалдық, материалдық емес активтерді растайтын құжаттар;

Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін акт нөмірі 02:036:079:0114; 02:036:079:114, жер учаскесі - жоқ.

Актіні беру туралы жазба жер учаскесіне меншіктік құқығын, жер пайдалану құқығын беретін актілер жазылатын кітапта № 1081 болып жазылған. Акт 26.12.2011 ж. берілген.

5.2. Кадрлық құрам

1. Кадрлардың сапалық және сандық құрамы

2013-2014 оқу жылы 25 педагог болған, сонымен қатар психолог -2: 1-бірлік, 1-бала күтуіне байланысты ақысыз демалыста;

2014-2015 оқу жылы 25 педагог болды, сонымен қатар психолог - 2: 1-бірлік, 1-бала күтуіне байланысты ақысыз демалыста;

2015-2016 оқу жылы 25 педагог жұмыс болды, сонымен қатар психолог - 2: 1-бірлік, 1-бала күтуіне байланысты ақысыз демалыста.

Білімі бойынша:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары білімді		Арнаулы орта білімді		Аяқталмаған жоғары білімді		Орта білімді	
		саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
2017-2018	22	22	97%	1	3%	0	0%	0	0%
2018-2019	22	20	91%	1	9%	0	0%	0	0%
2019-2020	19	18	95%	1	5%	0	0%	0	0%
2020-2021	17	15	88%	2	12%	0	0%	0	0%
2021-2022	17	15	88%	2	12%	0	0%	0	0%
2022-2023	17	15	88%	2	12%	0	0%	0	0%

Біліктілік санаттары бойынша:

№	Оқу жылдары	Мұғалім саны	Жоғары санат Педагог-зерттеуші		І санат Педагог-эксперт		ІІ санат Педагог-модератор		санатсыз	
			саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
1	2017-2018	22	3	14%	8	36%	6	27%	5	23%
2	2018-2019	21	3	14%	8	38%	6	29%	4	19%
3	2019-2020	19	3	16%	6	32%	6	32%	4	21%
4	2020-2021	17	2	12%	7	41%	4	24%	4	24%
5	2021-2022	17	1	6%	5	29%	5	29%	6	35%
6	2022-2023	17	3	17%	5	29%	5	29%	4	23%

Педагогикалық өтілі бойынша:

№	Оқу жылдары	Мұғалім саны	0-3 жыл		3-8 жыл		9-16 жыл		17-20 жыл		20 жылдан жоғары	
			саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
1	2017-2018	22	3	14%	2	9%	4	18%	0	0%	13	59%
2	2018-2019	21	1	5%	5	24%	3	14%	1	5%	11	52%
3	2019-2020	19	2	11%	2	11%	5	26%	1	5%	9	47%
4	2020-2021	17	2	12%	2	12%	3	18%	2	12%	8	47%
5	2021-2022	17	3	18%	4	24%	4	24%	1	6%	5	29%
6	2022-2023	17	2	11%	3	17%	2	11%	4	23%	6	35%

Мектептегі педагог кадрлардың жас ерекшеліктері төмендегідей:

№	Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30 жас аралығы	31-40 жас аралығы	41-50 жас аралығы	51-60 жас аралығы	61 жас одан жоғары	Соның ішінде зейнеткер
1	2017-2018	22	5	3	5	5	3	3
2	2018-2019	21	4	6	4	4	3	3
3	2019-2020	19	3	5	4	4	3	3
4	2020-2021	17	4	2	3	5	3	3
5	2021-2022	17	5	5	2	5	-	-
6	2022-2023	17	5	5	2	5	-	-

2022-2023 оқу жылында ұжымдағы мұғалімдердің орташа жасы – 39 ж.

Мұғалімдердің аттестациядан өту деңгейі:

№	Оқу жылдары	Педагогтар саны	Сұраныс бергендер				Санатты алғандар			
			Аттестацияға арыз берген	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Категория алғандар	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор
1	2017-2018	22	4	0	2	2	4	2	2	2
2	2018-2019	21	4	1	2	1	4	1	2	1
3	2019-2020	19	1	0	1	0	0	0	0	0
4	2020-2021	17	3	0	2	1	3	0	2	1
5	2021-2022	17	2	0	0	2	2	0	0	2
6	2022-2023	17	2	0	2	0				

Мұғалімдерді аттестаттау ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтар №83 бұйрығымен бектілген «Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесіне», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығына сәйкес жүргізілді. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау курстарынан өтуін есепке алынады.

- 2017-2018 оқу жылында 4 педагог өтініш беріп, біліктілік санатын 4 педагог алды.
- 2018-2019 оқу жылында 4 педагог өтініш беріп, біліктілік санатын 4 педагог алды.
- 2019-2020 оқу жылында 1 педагог өтініш беріп, Ұлттық біліктілік тестінен қажетті баллды жинай алмады.
- 2020-2021 оқу жылында 3 педагог өтініш беріп, біліктілік санатын 3 педагог алды.
- 2021-2022 оқу жылында 2 педагог өтініш беріп, біліктілік санатын 2 педагог алды.
- 2022-2023 оқу жылында 2 педагог өтініш берді, екінші жарты жылдықта тест тапсырады

2. Педагогтардың біліктілігін арттыру.

Мектеп педагогтарының кәсіби біліктіліктерін арттыруға арналған жұмыс жоспары құрылған. Базалық курстан өтудің перспективалық жоспары негізінде жүйелі жұмыстар жүргізіледі. Курстан өткен мұғалімдерді есепке алу журналы 2012 жылдан басталған.

Оқу жылы	Базалық курстар	Жаңартылған білім беру мазмұны оқыту курстары
2017-2018	5	1
2018-2019	2	3
2019-2020	6	0
2020-2021	3	4
2021-2022	4	1
2022-2023	5	0

Базалық курстармен қатар педагог қызметкерлер басқа ақылы курстарынан өтуде. Курстан өту жоспарына сай 2022-2023 оқу жылында пәндер бойынша 3 мұғалімге сұраныс берілді.

Педагогтардың біліктілік санаттарын көтеру туралы:

Педагог кадрларды аттестаттау жұмысы жолға қойылған, мектептің аттестаттау комиссиясының мүшелерін бекіту туралы бұйрықтары, нормативтік құжаттары, хаттамалары, 3 жылда аттестаттаудан өткен мұғалімдердің портфолиолары, педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережелері жинақталған.

Аттестаттаудан өтудің перспективалық жоспары құрылып, жоспар негізінде жүйелі жұмыстар жүргізілген. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдер аттестаттаудың жалпы ережесімен таныстырылған туралы арнайы журналға тіркеліп есебі жүргізілген. 2022-2023 оқу жылында 2 педагог аттестаттаудан өтуді жоспарлап отыр.

3. Кадрларды іріктеу және жұмысқа орналастыру

Педагогтардың соңғы 3 жыл бойынша қозғалысы қаралды. Кадрлардың соңғы 3 жылдағы ауысуы, жұмыстан шығу себептері зерделенді.

- **2017-2018** оқу жылында 04.09.2017 ж. Кудабоева А.З. психолог, 04.04.2018 ж. Курмашева А.Б. психолог, 13.09.2017 ж. Бижанов Д.Ш. география пәнінің мұғалімі ретінде қабылданды. 01.03.2018 ж. Кудабоева А.З., 02.09.2017 ж. Бейісова Ф.А. өз еркімен жұмыстан босатылды. 31.07.2018 ж. Антипова Н.И. зейнеткерлік жасына байланысты жұмыстан өз еркімен босатылды.
- **2018-2019** оқу жылында 01.09.2018 ж. Нурмуханова С.С. информатика пәнінің мұғалімі, 22.10.2018 ж. Сейткереева А.Н. психолог, 12.11.2018 ж. Ахметова Г.З. математика пәнінің мұғалімі, 08.11.2018 ж. Алмуханова Н.Б. химия пәнінің мұғалімі ретінде жұмысқа қабылданды. 01.09.2018 ж. Курмашева А.Б., 01.09.2018 ж. Алданаева З.М., 01.09.2018 ж. Аманкулова А.О., 03.11.2018 ж. Изтурганова А.А.,

03.01.2019 ж. Алмуханова Н.Б. өз өтінішімен жұмыстан босатылды. Кравченко Е.В. 04.10.2018 зейнет жасына жетуіне байланысты өз еркімен жұмыстан босатылды.

- **2019-2020** оқу жылында 02.09.2019 ж. Нурмуханова С.С., 04.09.2019 ж. Махатова Г.С., 29.08.2020 ж. Альжанов Т.О., 23.12.2020 г. Куанышева С.Н. өз еркімен жұмыстан босатылды.
- **2020-2021** оқу жылында 29.07.2021 ж. Сериккалиева Т.С. орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 01.03.2021 ж. Дюсупова А.М. психолог ретінде жұмысқа қабылданды. 26.02.2021 ж. Тнымбаева К.А. өз еркімен жұмыстан босатылды. 01.09.2020 ж. Берманова С.Т. зейнеткерлік жасына байланысты жұмыстан өз еркімен босатылды.
- **2021-2022** оқу жылында 01.09.2021 ж. Айжаркынов Н.К. физика пәнінің мұғалімі, Ибрашева Қ.Н. химия пәнінің мұғалімі, Биекенова Е.А. орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Сейдалина А.Қ. информатика пәнінің мұғалімі, 07.09.2021 ж. Джамалбекова Н.Д. математика пәнінің мұғалімі ретінде қабылданды. 01.09.2021 ж. Қонысбаев М.А., 01.10.2021 ж. Сейдалина А.Қ. өз еркімен жұмыстан босатылды. 01.09.2021 ж. Абдикапарова Р.А., Тлеулиева Б.К., Французов В.Ф. зейнеткерлік жасына байланысты өз еркімен жұмыстан босатылды.
- **2022-2023** оқу жылында физика пәні мұғалімі 22.07.2022ж. Айжаркынов Н.К., 31.08.2022ж. математика пәні мұғалімі Джамалбекова Н.Д. өз еріктерімен жұмыстан босатылды. 01.09.2022ж. физика пәні мұғалімі Қ.Б.Еримова, 02.11.2022ж. математика пәні мұғалімі Ташетова А.А. жұмысқа қабылданды.

Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің жеке құрамын есепке алу кітабы 2003 жылғы тамызда басталған, номенклатуралық номері салынған, беттелу жүргізілген, тігілген, мөрмен бекітілген.

Мектеп әкімшілігі тарапынан және мекеменің әкімшілігі тарапынан кадрларды тұрақтандыру, моральдық-материалдық ынталандыру мақсатында 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында мұғалімдерді алғыс хат, мақтау қағаздарымен марапаттау жұмыстары және 2021-2022 оқу жылында сыйақы тағайындау жұмыстары жүргізілген.

Кадрларды іріктеу және жұмысқа орналастыру:

Жылдар	Жұмысқа қабылданған мұғалімдер саны	Жұмыстан босатылған мұғалімдер саны
2017-2018	3	3
2018-2019	4	6
2019-2020	0	4
2020-2021	2	2
2021-2022	5	5
2022-2023	2	2
Барлығы	16	22

Жұмысқа қабылданған және босатылған мұғалімдер тізімі:

Оқу жылы	саны	Жұмысқа қабылданған мұғалімнің аты-жөні	саны	Жұмыстан босатылған мұғалімнің аты-жөні	себебі
2017-2018	3	1. Кудабаета А.З. 2. Курмашева А.Б. 3. Бижанов Д.Ш.	3	1. Кудабаета А.З. 2. Бейісова Ф.А. 3. Антипова Н.И.	Өз өтініші негізінде Өз өтініші негізінде Зейнеткерлік жас
2018-2019	4	1. Нурмуханова С.С. 2. Сейткереева А.Н. 3. Ахметова Г.З. 4. Алмуханова Н.Б.	6	1. Курмашева А.Б. 2. Алданаева З.М. 3. Аманкулова А.О. 4. Изтурганова А.А. 5. Алмуханова Н.Б. 6. Кравченко Е.В.	Өз өтініші негізінде Өз өтініші негізінде Өз өтініші негізінде Өз өтініші негізінде Зейнеткерлік жас
2019-2020	0	-	4	1. Нурмуханова С.С. 2. Махатова Г.С. 3. Альжанов Т.О. 4. Куанышева С.Н.	Өз өтініші негізінде Өз өтініші негізінде Өз өтініші негізінде Өз өтініші негізінде
2020-2021	2	1. Сериккалиева Т.С. 2. Дюсупова А.М.	2	1. Тнымбаева К.А. 2. Берманова С.Т.	Өз өтініші негізінде Зейнеткерлік жас
2021-2022	5	1. Айжаркынов Н.К. 2. Ибрашева Қ.Н. 3. Биекенова Е.А. 4. Сейдалина А.Қ. 5. Джамалбекова Н.Д.	5	1. Қонысбаев М.А. 2. Сейдалина А.Қ. 3. Абдикапарова Р.А. 4. Тлеулиева Б.К. 5. Французов В.Ф.	Өз өтініші негізінде Өз өтініші негізінде Зейнеткерлік жас Зейнеткерлік жас Зейнеткерлік жас
2022-2023	2	1.Еримова Қ.Б. 2.Ташетова А.А.	2	1.Айжарыков Н.К. 2.Джамалбекова Н.Д.	Өз өтініші негізінде Өз өтініші негізінде

- 2017-2018 оқу жылында мұғалімдердің апталық жүктемесі орташа есеппен -11,5 сағат. Ең жоғарғы жүктеме – 24 сағат (Изтурганова А.А.), ең төменгі жүктеме 6 сағат (Аманкулова А.О., Абдикапарова Р.А.);
- 2018-2019 оқу жылында мұғалімдердің апталық жүктемесі орташа есеппен -11,3 сағат. Ең жоғарғы жүктеме – 21 сағат (Ахметова Г.З.), ең төменгі жүктеме 6 сағат (Абдикапарова Р.А.);
- 2019-2020 оқу жылында мұғалімдердің апталық жүктемесі орташа есеппен -15,2 сағат. Ең жоғарғы жүктеме – 31 сағат (Ахметова Г.З., Жумагулова Ж.С.), ең төменгі жүктеме 6 сағат (Абдикапарова Р.А.);
- 2020-2021 оқу жылында мұғалімдердің апталық жүктемесі орташа есеппен -12,7 сағат. Ең жоғарғы жүктеме – 27 сағат (Ахметова Г.З.), ең төменгі жүктеме 6 сағат (Тлеулиева Г.К., Абдикапарова Р.А.);
- 2021-2022 оқу жылында мұғалімдердің апталық жүктемесі орташа есеппен -13,7 сағат. Ең жоғарғы жүктеме – 22 сағат (Жумагулова Ж.С.), ең төменгі жүктеме 9 сағат (Бахитова Н.А.);

- 2022-2023 оқу жылында мұғалімдердің апталық жүктемесі орташа есеппен -14 сағат. Ең жоғарғы жүктеме – 19 сағат (Жумагулова Ж.С.), ең төменгі жүктеме 8 сағат (Бижанов Д.Ш., Ташетова А.А.)

4. Мемлекеттік тілде сабақ беретін мұғалімдер саны

Оқу жылдары	Барлық мұғалімдер саны	Мемлекеттік тілде сабақ беретін мұғалімдер саны
2017-2018	22	9
2018-2019	21	8
2019-2020	19	6
2020-2021	17	6
2021-2022	17	6
2022-2023	17	6

2021-2022 оқу жылында мемлекеттік тілде сабақ беретін мұғалімдер саны – 6, оның жоғары білімдісі- 6, педагог-сарапшы – 3, педагог-модератор - 1, санатсыз – 2 мұғалім.

2022-2023 оқу жылында мемлекеттік тілде сабақ беретін мұғалімдер саны – 6, оның жоғары білімдісі- 15, арнаулы орта – 2, педагог-зерттеуші – 3, педагог-сарапшы – 5, педагог-модератор – 5, санатсыз – 4 мұғалім.

5. Базалық білімі жоқ мұғалімдер

Мектепте барлық мұғалім білім туралы дипломдарында көрсетілген мамандықтарына (біліктіліктеріне) сәйкес қызмет жасайды. Мектепте білім туралы дипломда көрсетілмеген мамандық (біліктілік) бойынша сабақ беру жағдайлары жоқ. 2022-2023 оқу жылында информатика пәнінен мектепте толық жүктеме болмауына байланысты (7 сағ) қоса атқарушы мұғалім Сейдалинова А.К. жұмыс жасайды. Мектепте 2 мұғалімде магистр дәрежесі бар: Бижанов Д.Ш. – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Дюсупова А.М. – педагогика ғылымдарының магистрі.

6. Мектептің ішкі еңбек тәртібі

Мектептегі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 Қаулысын басшылыққа алып дайындалды.

Мектепте ішкі тәртіп ережелері бар, педагогтарға таныстырылған, кәсіподақ төрағасымен келісілген.

Мектептің ішкі тәртіп ережесін бұзған фактілер тіркелмеген. Мектептегі негізгі қызметке арналған бұйрық кітабы 01.09.2021 жылы, жеке құрам бойынша бұйрық кітабы 04.09.2018 жылы, оқушылар қозғалысы туралы бұйрық кітабы 18.09.2009 жылы басталған. Бұйрық кітаптары номерленген, тігілген, мектеп мөрімен бекітілген.

Кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сәйкес жүргізіледі, педагогтарға арнайы папка ашылып, қажетті іс-қағаздары толық жинақталған.

«Педагог қызметкермен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына, "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығына сәйкес лауазымдық міндеттерді бекіту бойынша 2021 жылғы 1 қыркүйекте «20-2014 оқу жылындағы мектеп қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері» журналы арналған, журнал тігілген, мөрленген, журналдың жағдайы эстетикалық талапқа сай. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022. 2022-2023 оқу жылдарында лауазымдық міндеттермен таныстыру туралы мектеп директорының арнайы бұйрығы шығарылып отырды.

5.3. Білім алушылардың контингенті

1. Білім беру ұйымы бойынша оқушылардың жалпы саны

Соңғы бес жыл бойынша оқушылар контингенті

Оқу жылы	ОШ-дағы оқушы саны	Алфавиттік кітаптағы оқушы саны	5 қыркүйектен кейін келген оқушы саны	5 қыркүйектен кейін кеткен оқушы саны	Жылдың аяғындағы оқушы саны
2017-2018	79	79	17	19	77
2018-2019	68	68	28	20	76
2019-2020	70	70	26	11	85
2020-2021	57	57	17	10	64
2021-2022	34	34	18	9	43

Соңғы 5 оқу жылында №44 А(К)ЖБ беретін мектепте көрсетілген оқушылардың жалпы саны алфавиттік кітаппен сәйкес келеді.

Оқу жылы бойынша	Класс комплекті саны	Барлық оқушылар саны	1-4 кластардағы оқушылар саны	5-9 кластардағы оқушылар саны	10-11 кластардағы оқушы саны
2017-2018	9	79	2	10	67
2018-2019	8	68	2	13	71
2019-2020	10	70	2	19	49
2020-2021	8	57	2	17	38
2021-2022	8	43	2	7	34
2022-2023	8	40	2	11	27

Соңғы 5 оқу жылындағы кластар мен оқушылар контингенті

Класс	2017-2018 оқу жылы		2018-2019 оқу жылы		2019-2020 оқу жылы		2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы	
	Класс саны	Оқушы саны	Класс саны	Оқушы саны	Класс саны	Оқушы саны	Класс саны	Оқушы саны	Класс саны	Оқушы саны	Класс саны	Оқушы саны
Брайль система бойынша класс	1	2	1	2	1	2	1	2	1	2	1	2
5	0	0	0	0	0	0	0	0	1	2	0	0
7	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1	3
8	0	0	1	5	1	4	1	1	1	2	1	2
9	1	10	1	8	2	15	2	16	2	3	1	6
10	2	14	3	26	2	12	2	16	2	9	1	5
11	5	53	2	27	4	37	2	22	2	16	3	22
Барлығы	9	79	8	68	10	70	8	57	9	34	8	40

Оқушылардың ұлттық құрамы:

Оқу жылы	Барлығы	Қазақтар	орыс	украин	татар	шешен	белорусь	өзбек	азерб.	цыган	кореец	неміс	армянин	чуваш	Басқа ұлт
2017-2018	79	38	21	3	4	1	0	2	2	1	1	3	0	0	3
2018-2019	68	39	22	4	0	1	1	0	0	0	1	1	0	0	2
2019-2020	70	34	21	7	0	1	1	0	2	0	0	2	0	0	2
2020-2021	57	28	18	5	0	0	0	0	1	0	0	4	0	0	1
2021-2022	34	17	12	3	0	0	0	0	1	0	0	1	0	0	0
2022-2023	40	23	9	4	1	0	0	0	0	0	1	0	0	0	2

Соңғы бес оқу жылында мектепке қабылданған және шығарылған оқушылар саны:

оқу жылы	келгені	кеткені	9 класс бітіргендер	10 класс бітіргендер	11 класс бітіргендер
2017-2018	17	19	9	17	49
2018-2019	28	20	7(1 аттесталмаған)	26	34 (1 емтиханға жібермеу)
2019-2020	26	11	20 (1 аттесталмаған)	12	45 (4 анықтама)
2020-2021	17	11	11 (1 аттесталмаған)	16	26
2021-2022	18	7	4	13	21
2022-2023	14	5	-	-	-

2. Оқушылардың жеке іс-қағаздарын жүргізу.

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы бойынша есептегі құжаттардың көрсетілген нысаны бойынша жинақталған.

3. Сыныптар бойынша соңғы бес жылдың сабақ үлгерімі.

2017-2018 оқу жылы	17 %
2018-2019 оқу жылы	17 %
2019-2020 оқу жылы	14 %
2020-2021 оқу жылы	10 %
2021-2022 оқу жылы	9 %
2022-2023 оқу жылы/ I жарты жылдық	5%

5. Сынып жетекшілері

Соңғы бес оқу жылы бойынша сыныптарға мектеп директорының бұйрығы негізінде класс жетекшілері тағайындалған:

Оқу жылы	Бұйрық номері, шыққан уақыты	Класс жетекші саны
2017-2018 оқу жылы	№ 66 13.09.2017	8 класс жетекшісі
2018-2019 оқу жылы	№53 13.09.2018	7 класс жетекшісі
2019-2020 оқу жылы	№67 11.09.2019	9 класс жетекшісі
2020-2021 оқу жылы	№ 51 05.09.2020	6 класс жетекшісі
2021-2022 оқу жылы	№ 64 04.09.2021	9 класс жетекшісі
2022-2023 оқу жылы	№ 78 02.09.2021	8 класс жетекшісі

Сынып жетекшілердің жұмысына мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары басшылық етеді. Барлық класс жетекшілері бекітілген тәрбие жоспары бойынша күнделікті, апталық, айлық жұмыстарын атқарады.

Жоспарға сәйкес тәрбие сағаттары, мемлекеттік бағдарламалар бойынша өткізілген сабақтар, жалпы оқу беті, оқушы үлгерімі туралы мәлімет беттері класс журналдарында толтырылған.

5.4. Оқу – әдістемелік жұмыс

1. Оқу – әдістемелік құжаттар

(мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты,
типтік және жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары)

«№44 ауысымдық (кешкі) жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің оқу жоспары төменде келтірілген Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарын негізге ала отырып жасалды:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 ж. №604 бұйрығы;

2) Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына толықтырулар мен өзгертулер 26.03.2021 ж. №125 бұйрықтың 31, 33, 34, 36 қосымшалары;

- 3) ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығының 3-қосымшасы (2020 жылғы 7 сәуірдегі №131 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);
- 4) «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаттың «Кешкі мектептерде оқу процесін ұйымдастыру» бөлімі (Ы Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2021 жылғы 13 мамырдағы №5 хаттамасы)
- 5) Қазақстан Республикасы Білім, Мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің 17.11.1998 жылғы №565 бұйрығы.
- 6) «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі №368 бұйрығы.
- 7) Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы;

2. Оқу – тәрбиелік үдерістің нәтижелілігі жылдық салыстыру кестесі

Мектеп оқушыларының әр пән бойынша соңғы бес жылдық білім сапасының көрсеткіші:

Пән атауы	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022
Қазақ тілі	27%	19%	14%	12%	17%
Қазақ әдебиеті	28%	16%	14%	12%	17%
Орыс тілі	17%	11%	7%	10%	0%
Орыс әдебиеті	23%	14%	9%	10%	0%
Шет тілі (ағылшын)	16%	11%	10%	13%	11%
Математика	13%	11%	15%	10%	9%
Қазақстан тарихы	9%	14%	11%	13%	3%
Дүниежүзі тарихы	19%	14%	10%	15%	6%
География	16%	21%	17%	12%	3%
Химия	4%	10%	4%	5%	6%
Физика	8%	12%	10%	5%	17%
Биология	15%	15%	22%	10%	14%
Адам, қоғам, құқық	17%	16%	19%	11%	16%
АӘД	27%	15%	32%	-	-

Мектеп бойынша үш жылдық үлгерім сапасы

Білім сапасы					
2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023 (Іж.ж.)
17%	17%	14%	10%	9%	5%

Пәндер бойынша сапа көрсеткішінің төмен болуының себебі: Мектеп оқушылары контингентінің негізгі бөлігін әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан анықталмаған жасөспірімдер

кұрайды, оларды күндізгі оқу орындарында оқытудың теріс тәжірибесі бар, жалпы педагогикалық немқұрайдылықпен, мектепке, мұғалімдерге және жалпы оқу қызметіне теріс көзқараспен жүреді.

Біздің мектеп материалдық жағдайы төмен, денсаулығы нашар оқушыларға, жүкті әйелдерге және жас балаларды тәрбиелеп отырған аналарға білім алуға мүмкіндік береді.

Контингенттің ересек бөлігі оқу іс-әрекетінде үлкен үзілісі бар оқушылардан тұрады, бұл, әдетте, оқу іс-әрекетінің мотивтері мен дағдыларын айтарлықтай жоғалтумен бірге жүреді. Өндірісте жұмыс істейтін жастар және армияда қызмет еткен, білімі жоқ жастар да біздің мектепте білім алады.

3. Пандемия кезеңінде қашықтықтан оқыту

ҚР Білім және ғылым Министрінің 13.08.2020 ж. №345 бұйрығы негізінде "Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар" 2-қосымшасының негізінде 01.09.2020 жылдан бастап мектеп онлайн - оқыту форматына көшті және келесі шаралар қабылданды:

Бірінші жартыжылдықта мектеп Қашықтықтан оқытумен айналысты. Қашықтықтан оқыту режимінде мектеп әкімшілігі мен педагогтардың функциялары бөлінді. Білім алушылар мен мұғалімдер талаптарға жауап беретін "BilimLand" білім беру платформасы бойынша жұмыс істеді. 2021 жылдың қаңтар айынан бастап санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруына байланысты мектеп санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып, толық штаттық режимде жұмыс істей бастады.

№44 А(К)ЖББМ-те оқу үдерісін ұйымдастыру үшін басталу және аяқталу уақытын көрсете отырып, икемді сабақ кестесі жасалды;

- 1) әрбір сынып белгілі бір кабинетте болатын кабинеттік жүйеден бас тарту;
- 2) білім алушылардың кабинеттер бойынша жүруіне тыйым салу;
- 3) әр түрлі сыныптар үшін әр түрлі уақытта сабақтар арасындағы үзілістерді ұйымдастыру;
- 4) кірген кезде білім алушылардың температурасын күнделікті өлшеу;
- 5) бетперде кию режимін қамтамасыз ету;
- 6) оқу үстелдерін 1 метр қашықтықта орналастыру;
- 7) желдету, кварцтау;
- 8) қолды жуу, әр сабақтан кейін арнайы құралдарды қолдану;
- 9) әр екінші сабақтан кейін кабинеттерді ылғалды жинау;
- 10) дәліздерде, рекреацияларда, холлдарда және басқа да үй-жайларда ылғалды жинау;
- 11) күнделікті температураны өлшеу үшін медициналық кабинеттің жұмыс істеуі.

4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою бойынша жұмысты ұйымдастыру

ҚР БҒМ 28.12.2020 жылғы № 548 бұйрығының №2 қосымшасына сәйкес "Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар" және осы бұйрықтың №7 тармағына сәйкес "Оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою және білімдерін толықтыру" қаланың барлық мектептері негізгі пәндер

бойынша бақылау кесімдерін өткізді, білім алушылардың олқылықтарын жою жоспарын әзірледі. Біздің мектеп сәйкесінше біздің контингент үшін қолайлы өз жоспарын жасады, мұғалімдер осы кезеңде үш ыңғайлы форма түрінде жұмыс жасады.

Осы жұмысты жүргізу кезінде төмендегідей міндеттер қойылды:

1. Оқушылардың пассивтілігін жеңу және оларды белсенді іс-әрекет субъектісіне айналдыру үшін сабақтардағы оқу жұмысының әдіс-тәсілдерін өзгерту;

2. Жеке жұмыс арқылы қосымша сабақтарда уақтылы көмек көрсету.

Бұл міндеттерді шешу үшін үлгерімі нашар балалармен жұмыс жасаудың жалпы мектеп жоспары әзірленді. Пән мұғалімінің, сынып жетекшісінің білім алушылармен олқылықтарды жою бойынша жұмыс жоспары әзірленді. Барлық мұғалімдердің күш-жігері оқушылардың нашар үлгерімінің себептерін жоюға бағытталды.

Мұғалімдер есеп беру формаларында үлгерімі нашар оқушылармен олқылықтарды жою түрлерін және жүргізілген жұмыстар қандай нәтижелер әкелгенін егжей-тегжейлі сипаттады. Сондай-ақ, осы мәселені шешудің формалары, әдістері мен қиындықтары айтылды. Оқушымен кері байланысты қолдай және пәнге деген қызығушылықты оята отырып, оқушылар онлайн олимпиадаларға қатысты және сертификат иегері болды. Бұл біздің оқушылар үшін жақсы көрсеткіш. Мұғалімдерге өз жұмысына жауапкершілікпен және сапалы қарау ұсынылды. Мектеп мұғалімдері үлгерімі нашар оқушылармен жұмысты жалғастыруда және ай сайын оқу нәтижесіне бағытталған есеп беру нысандарын тапсырады.

5. Мектеп жұмысының "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығына сәйкестігі

«№44 ауысымдық (кешкі) жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің оқу жоспары төменде келтірілген Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарын негізге ала отырып жасалды:

3) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 ж. №604 бұйрығы;

4) Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына толықтырулар мен өзгертулер 26.03.2021 ж. №125 бұйрықтың 31, 33, 34, 36 қосымшалары;

3) ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығының 3-қосымшасы (2020 жылғы 7 сәуірдегі №131 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

4) «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаттың «Кешкі мектептерде оқу процесін ұйымдастыру» бөлімі (Ы Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2021 жылғы 13 мамырдағы №5 хаттамасы)

5) Қазақстан Республикасы Білім, Мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің 17.11.1998 жылғы №565 бұйрығы.

- 6) «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі №368 бұйрығы.
- 7) Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы;

6. Сабақ кестесінің тұрақтылығы және оның орындалуы

Мектептегі сабақ кестесі "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес жасалды. Сабақ кестесіндегі пәндер саны оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді.

7. Оқушылар арасында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу

Негізгі мектепті бітіру емтиханының үш жылдық көрсеткіші

Класс	Пән атауы	Пән атауы	2018-2019 оқу жылы		Пән атауы	2020-2021 оқу жылы		Пән атауы	2021-2022 оқу жылы	
			Оқушы саны	білім сапасы		Оқушы саны	білім сапасы		Оқушы саны	білім сапасы
9А	Қазақстан тарихы	Қазақстан тарихы	7	0%	Орыс тілі	10	0%	Қазақстан тарихы	1	0%
	Қазақ тілі	Қазақ тілі	7	0%	Алгебра	10	10%	Қазақ тілі	1	0%
	Орыс тілі	Орыс тілі	7	0%	Қазақ тілі	10	10%	Орыс тілі	1	0%
	Математика	Математика	7	0%	-	-	-	Математика	1	0%
9Б					Орыс тілі	8	0%	Қазақстан тарихы	3	0%
					Алгебра	8	13%	Қазақ тілі	3	0%
					Қазақ тілі	8	13%	Орыс тілі	3	0%
								Математика	3	0%

Орта мектепті бітіру емтихандарының үш жылдық көрсеткіші

Класс	Пән атауы	Пән атауы	2018-2019		Пән атауы	2020-2021		Пән атауы	2021-2022	
			Оқушы саны	білім сапасы		Оқушы саны	білім сапасы		Оқушы саны	білім сапасы
11А	Қазақ тілі	Қазақ тілі	17	19%	Қазақ тілі	17	0%	Қазақ тілі	10	20%
	Орыс тілі	Орыс тілі	17	12%	Алгебра	17	9%	Орыс тілі	10	20%
	Физика	География	17	31%	Қазақстан тарихы	17	9%	География	10	30%
	Алгебра	Алгебра	17	19%	Орыс тілі	17	9%	Алгебра	10	10%
	Қазақстан тарихы	Қазақстан тарихы	17	31%	-	-	-	Қазақстан тарихы	10	20%
11Б	Орыс тілі	Орыс тілі	17	25%	Орыс тілі	16	15%	Қазақ тілі	11	18%
	Қазақ тілі	Қазақ тілі	17	31%	Алгебра	16	23%	Орыс тілі	11	0%
	Биология	Биология	17	31%	Қазақстан тарихы	16	23%	Биология	11	9%
	Алгебра	Алгебра	17	19%	Қазақ тілі	16	31%	Алгебра	11	9%
	Қазақстан тарихы	Қазақстан тарихы	17	19%	-	-	-	Қазақстан тарихы	11	0%

Қорытынды аттестаттау нәтижесінде оқушылардың білім сапасының түскенін байқауға болады, оның себебі оқушылар құрамының жасы әр түрлі, оқуда үлкен үзілістері бар, жалпы сабаққа дайындықтары жеткіліксіз, сабақ пен жұмысты біріктіріп алып жүр. Сондықтан 9, 11 класс оқушыларының білімі төмен.

8. БЖБ, ТЖБ, практикалық, зертханалық жұмыстарды орындау нормалары

Мектепте бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау енгізілген және қолданылуда. Оқу жылының басында пән мұғалімдері әдістемелік-нұсқаулық хатқа сәйкес бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалаулар кестесін құрды. БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын мұғалімдер smk.edu.kz сайтынан алады немесе оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, өздері құрастырады. Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайтындығы ескеріліп, 8А жеке тобына І тоқсандық жиынтық бағалаулар кестесі құрылды. Жиынтық бағалаулардың баллдары электронды журналға уақтылы қойылып отырады. Жиынтық бағалаулар өткізіліп болған соң оларға талдау жасалады. Химия, биология, физика пәндерінен зертханалық жұмыстар құрал-жабдықтарының толық қамтылмауы себебінен виртуалды лабораторияларда ырыдалады.

9. Күнтізбелік – тақырыптық жоспарды әзірлегенде білім беру мазмұнын іріктеу принципінің орындалуы

2021-2022 оқу жылында күнтізбелік-тақырыптық жоспар Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарын негізге ала отырып жасалды:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық);

2) Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 26.03.2021 ж. №125 бұйрықтың 31, 33, 34, 36 қосымшалары);

3) «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат (Ы Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2021 жылғы 13 мамырдағы №5 хаттамасы);

4) Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерілерінің тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы.

10. Пән мұғалімдерінің сабақтың беру сапасы

Пән мұғалімдерінің қатысқан сабақтарын талдау барысында теориялық білімі терең әрі пәнді оқыту әдістемесін меңгергендігі, стандарт талаптарын іс жүзінде шеберлікпен жүзеге асыратындығы байқалды. Педагогтердің кәсіби қызметінің деңгейін анықтау мақсатында пәндер бойынша оқыту саласы айқындалды. Ұжымдағы 17 педагогтің кәсіби қызметі сабақтарға қатысу, бақылау, кәсіби әңгіме және мониторинг тәсілдері арқылы зерттелді. Сабақ

беру барысында ішінара жіберілген қателіктер талқыланып, мұғалімнің әдістемесіне өзгеріс уақытылы енгізілді.

Мұғалімдер жеткілікті деңгейде оқытудың оңтайлы тәсілдерін қолдана біледі, қолданған стратегияларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне, мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сай таңдай біледі.

11. Секциялар, әдістемелік семинарларды ұйымдастыру

2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығында мұғалімдер әртүрлі қалалық, облыстық семинарларға қатысты. 22.10.2021 ж. математика пәнінің мұғалімі Джамалбекова Н.Д. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастырған «Математика сабақтарында белсенді оқыту әдісі ретінде Smart технологияларын тиімді пайдалану» тақырыбындағы семинарға қатысты. Мектептің 4 мұғалімі (Балгазина Г.Н., Абдибекова Р.А., Жумагулова Ж.С., Есенбаева К.Б.) 3-қарашада "Педагогтердің пәндік-әдіснамалық құзыреті-оқушылардың білім сапасының негізі" тақырыбындағы Батыс өңірі Жетекші мектептерінің V форумына қатысып сертификат иеленді. Физика пәнінің мұғалімі Айжарқынов Н. Қ. 10-қазанда «Өрлеу» БАҰО АҚ-да "АКТ құралдарын қолданып, сабақты тиімді жоспарлау" семинарына, 23-қарашада «Цифрлық технологиялар негізінде математика, физика және информатика пәндерін оқытуды ұйымдастыру» тақырыбында өткен Zoom-конференцияға қатысты. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Есенбаева К.Б. «Аттестатталушы педагогтың озық тәжірибесін жинақтау» атты облыстық әдістемелік практикумға қатысып, сертификат иеленді. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Есенбаева К.Б. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастырған «Ағылшын тілі сабақтарында цифрлық технологияларды тиімді қолдану» облыстық шебер-класына қатысты.

Мектепте 2022-2023 оқу жылында 2 әдістемелік бірлестік жұмыс жасайды.

№	Пәндер бойынша мұғалімдер ӘБ	ӘБ жетекшілері	Әдістемелік тақырып
1	Қоғамдық-гуманитарлық пәндер мұғалімдерінің ӘБ: - қазақ тілі мен әдебиеті; - орыс тілі мен әдебиеті; - ағылшын тілі; - тарих және құқық	Р.Абдибекова	Сабақ сапасына қойылатын замануи талаптар- білім беру талаптарын жаңартуға бағдар
2	Жаратылыстану-математика пәндері мұғалімдерінің ӘБ: - математика, информатика, физика; - химия, биология, география	Ташетова А.А.	Сабақ сапасына қойылатын замануи талаптар- білім беру талаптарын жаңартуға бағдар

3	Сынып жетекшілерінің ӘБ	Г.А.Камысбаева	Өртүрлі себептермен мысалы, педагогикалық бақылаудың болмауы, ауыруы, оқуға деген ынтаның болмауы, қиын отбасылық өмір және т. б. күндізгі мектепте немесе колледжде оқи алмаған "қиын" жасөспірімдерді әлеуметтік-психологиялық оңалту және бейімдеу,
---	----------------------------	----------------	--

12. Жұмысты уақытылы жоспарлау және жоспарланған жұмысты орындау, сабақты өткізу деңгейі мен сапасы; орындайтын жұмыс пен сабақ жүктемесінің мұғалімдердің біліктілігіне сәйкестігі

Мектепте әр оқу жылына жұмыс жоспары және 2020-2025 жылдарға арналған даму жоспары жасалған. Даму жоспары 28.08.2020 жылы педагогикалық кеңесте қаралып бекітілді.

Мектеп әкімшілігі мұғалімдерді кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартпайды, сабақ жүктемесі мұғалімдердің біліктілігіне сәйкес бөлінген.

13. Оқу жоспарының әр пәні бойынша оқу сағаттарының көлемдік орындалу пайызы

Соңғы бес оқу жылы бойынша әр пәннен класс журналдарынан оқу сағаттарының орындалуы тексерілді. Оқу жоспарында көрсетілген сағат сандары орындалған.

14. Оқушылардың танымдық қызметін арттыру мақсатында мектеп мұғалімдері көбінесе пайдаланатын педагогикалық технологиялар

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау.

Оқыту үдерісінде әдіс таңдаған кезде оқу материалының мазмұнын және шешілуге тиісті нақты оқу-тәрбие міндеттерін, үлестірмелі материалдың болуын, оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың дайындық деңгейін ескеру қажет. Оқу оқушылардың ойлауын дамытуға септігін тигізуі үшін оларды біліммен қатар, талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, ортақ, жеке және ерекше белгілерін анықтау, жалпылау, қорытындылар жасай білуді қалыптастыру қажет. Мектеп мұғалімдері сабақтарында «Құрылысшы ойыны», «Қораптағы сұрақ», «Серпілген сауал», «Температура өлшеу», «SVOT», «Сұраққа жылдам жауап», «Мұғалімге хат жазу», «Сұхбат алу», «Қалың және жұқа сұрақтар», «Логикалық тізбекті ажырату», «Шырша немесе фишбоун», «Стикердегі диалог» әдіс-тәсілдерін қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады. Сабақ барысында ресурстарды молынан қолдануға тырысады.

Оқытудың тиімділігін арттырудың жолдары өте көп. Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдермен қатар мұғалімдер келесі әдіс-тәсілдерді сабақтарында жүйелі түрде қолданады: сабақты ұйымдастыру барысында «Миға шабуыл», «Қаламсап», «Мозайка», «Қозғалыстағы сурет», «Сәйкестендіру», «Сазды қобдиша» әдістерін пайдаланады. Жаңа

тақырыпты меңгерту мақсатында «Ойлан, бірік, бөліс», «Адасқан сөздер», «Джиксо», «Аквариум» әдістерін қолданады. Оқушыларды жалықтырап алмас үшін ойын түрлерін қолдана отырып, оқушыларды сергітіп алады. Оқушылардың барлығы компьютерді меңгеру керек екендігін ескеріп «Жеке жұмыс», «Денгейлік» тапсырмалар, «Жұптық жұмыс» әдісін қолданады. Әр сабақты пысықтау үшін «Өзіңді тексер» әдісін пайдаланып сұрақтар тарқатып олардың түсінбеген жерлерін өзіне түртіп алады. Оқушыларды бағалау үшін смайликтер, түрлі түсті суреттер, бағдаршам, бағалау парақтарын қолданады. Сабақ соңында міндетті түрде кері байланыс алып отырады мысалға «Бесбармақ», «БҮҮ» кестесін толтыртады.

15. Мұғалімдердің ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы

Мектеп мұғалімдері пәндер бойынша әртүрлі конференцияға қатысқан, төмендегідей нәтижелері бар:

№	Оқу жылы	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
1	2017-2018	-	1	-	-
2	2018-2019	-	1	-	-
3	2019-2020	1	1	-	3
4	2020-2021	-	-	4	2
5	2021-2022	-	-	-	4

Салыстырмалы кесте мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін, шеберлігін жетілдіру жөніндегі жұмысы қажетті деңгейде дамуын көрсетеді.

16. Оқу үдерісі мен оқу-әдістемелік жұмысты мемлекеттік және басқа да ұлттық тілінде ұйымдастыру

Барлық іс-қағаздары: бұйрықтар, жоспарлар, қатаң есепте тұрған құжаттар мемлекеттік тілде жүргізіледі, мектепте өтілетін сабақтан тыс шаралар екі тілде жүргізіледі.

17. Оқушылардың үлгерімі, тоқсандық қорытындысы (класс және тілдік қатынас бойынша), мектеп бітірушілердің дайындық деңгейі

9 кластарда негізгі мектеп курсын аяқтау, емтихан бағаларының негізінде қойылған.

Пәні	2017-2018 оқу жылы					2018-2019 оқу жылы					2015-2016 оқу жылы				
	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа %	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа %	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа %
Орыс тілі	-	-	8	-	0%	-	-	7	-	0%	-	-	18	-	0%
Алгебра	-	4	4	-	50%	-	-	7	-	0%	-	2	16	-	11%
Қазақ тілі	-	3	5	-	38%	-	-	7	-	0%	-	2	16	-	11%
Адам.Қоғам. Құқық/Биол.	-	2	6	-	25%	-	-	7	-	0%					

Пәні	2021-2022 оқу жылы				
	«5»	«4»	«3»	«2»	Сана%
Орыс тілі	-	-	4	-	0%
Алгебра	-	-	4	-	0%
Қазақ тілі	-	-	4	-	0%
Қазақстан тарихы	-	-	4	-	0%

11 кластарда орта мектеп курсын аяқтау , емтихан бағаларының негізінде қойылған

Пәні	2017-2018 оқу жылы					2018-2019 оқу жылы					2020-2021 оқу жылы				
	5	4	3	2	Сана%	5	4	3	2	Сана%	5	4	3	2	Сана%
Қазақ тілі	-	15	34	-	31%	-	8	25	-	24%	-	5	28	-	15%
Орыс тілі	-	7	42	-	14%	-	6	28	-	18%	-	3	30	-	9%
Алгебра	-	7	42	-	14%	-	8	25	-	24%	-	7	26	-	21%
Қазақстан тарихы	-	6	43	-	12%	-	10	24	-	29%	-	6	27	-	18%
Биология	-	2	8	-	20%	-	4	13	-	24%	-	-	-	-	-
Физика	-	0	12	-	0%	-	4	13	-	24%	-	-	-	-	-
География	-	10	17	-	37%	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-

Пәні	2021-2022 оқу жылы				
	5	4	3	2	Сана %
Қазақ тілі	-	6	15	-	28%
Орыс тілі	-	3	18	-	14%
Алгебра	-	3	18	-	14%
Қазақстан тарихы	-	2	19	-	9%
Биология	-	1	20	-	4%
География	-	3	18	-	18%

18. Қорытынды бақылау жұмысы мен мектепті бітіру емтихандарының сапасы

2017-2018, 2018-2019, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында қорытынды бақылау жұмысы мен бітіру емтихандары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қағидаларға сәйкес өткізіліп, тиісті құжаттар папкаға жинақталды. Барлық емтихан материалдары сәуір айларында әдістемелік кеңес отырыстарында қаралған. 9-11 кластарға арналған барлық пәндер бойынша мемлекеттік емтихан материалдары арнайы қалалық білім бөлімінен рәсімделген. Емтихан материалдары папкаға жинақталған. **2019-2020** оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 177 бұйрығына сәйкес 9 және 11- сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттауды тапсырған жоқ, аттестат ағымдағы оқу жылының жылдық бағалары негізінде берілді.

19. Білім жүйесін ақпараттандыру бағдарламасын іске асыру.

Мектеп есебінде барлығы 23 компьютер, 25 ноутбук бар. Информатика кабинетінде 8 ноутбук, 1 компьютер бар. Есеп бөлімінде –1, директор кабинетінде -1, іс – жүргізушіде – 1, директор орынбасары кабинеттерінде -3, психологта -1, кітапханада – 1, мұғалімдер бөлмесінде – 1, оқу кабинеттерінде – 1 ноутбук, 1 компьютер бар. 6 ноутбук мұғалімдерде,

№44 А(К)ЖББМ-те білім беру ұйымдарына тұрақты баруға мүмкіндігі жоқ тұлғаларға аралас оқыту форматы қарастырылған. Аралас оқыту – бұл білім беру ұйымының білім беру порталында орналастырылған арнайы электрондық оқу материалдарын пайдаланатын дәстүрлі күндізгі оқытуды онлайн оқытумен ұштастыру негізінде білім беру процесін ұйымдастыру. Аралас форматта оқитын оқушылар кәмелет жасына толған ересек оқушылар, көпшілігі жұмыс жасайды. Олар жұмыстан бос уақытында мектепке келіп, дәстүрлі форматта оқиды. Жұмыс уақытында «Online-mekter» білім беру платформасының және Zoom видеобайланыс сервисінің көмегімен оқытылады. Осыған байланысты 6 ноутбук пән мұғалімдеріне берілді.

Сонымен бірге принтерлер саны – 5, проектор -2, экран -2.

Компьютердің мектепке келген жылдары:

Жылдар	2015 жылға дейін	2015	2018	2020
Саны	12	4	7	25 (ноутбук)

2021-2022 оқу жылының басында мектепке «IQ Board» интерактивті тақтасы алынды.

Оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыруда, яғни оқыту процесінде оқушылардың компьютермен жұмыс жасауына компьютерлер жеткілікті. Мектеп бойынша 2 оқушыға 1 компьютерден келеді.

Мектепте 19 компьютер кабельдік интернет желісіне жалғанған, сондай-ақ мектепте 2 Wi-fi нүктесі бар (I және II қабаттарда), қалған компьютерлер интернет желісіне Wi-fi арқылы қосылады.

Оқыту процесінде қолданылатын компьютерлер саны (жұмыс жасайтын компьютерлер саны)	Информатика кабинеті	5, 8-11 класс оқушыларының саны	10 оқушыға келетін компьютерлер саны
27	9	43	5

20. Оқушыларды оқытумен қамту

Кешкі мектептің және күндізгі мектептер жанындағы кешкі бөлімдердің негізгі міндеті – түрлі себептермен күндізгі мектепте, колледждерде оқи алмаған, мысалы, педагогикалық бақылаусыз қалу, ауру себептері, оқуға деген ынтасының болмауы, отбасындағы ауыр тұрмыс жағдайы және т.б. байланысты келген «қиын» жасөспірімдерді әлеуметті көп психологиялық оңалту және бейімдеу болып табылады. Кешкі мектептің ерекшеліктерінің бірі – «проблемалық (қиын): нашар оқитын және тәрбиелеуге қиын балалармен жұмыс. Олар жұмысқа қабілеттерінің орташа болуы, оқуға ынтасының болмауы мен тәртіпсіздігімен ерекшеленеді.

Оқушылардың жасы бойынша:

Жасы	2017-2018 оқу жылы	2018- 2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы (I жарты жылдық)
13	0	0	1	0	1	0
14	1	7	10	3	1	1
15	5	7	13	12	11	3
16	14	14	12	20	9	12
17	18	14	17	4	0	10
18	6	2	2	2	1	2
19	5	0	0	2	0	1
20 жоғары	4	1	4	1	0	1
25 жоғары	3	4	3	2	8	1
30 жоғары	16	12	5	6	3	6
40 жоғары	5	7	1	5	0	2
50 жоғары	0	0	1	0	0	0
60 жоғары	0	0	0	0	0	1
70 жоғары	1	0	1	0	0	0

Мектепте Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 21-тармақшасына сәйкес әзірленген және мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің төмендегідей санаттарын анықтау барысында:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;
- 2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;
- 3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;
- 4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;
- 5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі - білім алушылар мен тәрбиеленушілер) қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу шаралары жүзеге асырылған.

"Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 Қаулысына сүйене отырып атаулы санаттағы есепке алынды.

Төмендегі кестеде соңғы бес жылдық атаулы санаттағы оқушылардың саны беріліп отыр.

p/c	Мәлімет	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023 (Іж.ж.)
1.	Жетім балалар	-	-	-	-	-	-
	Қамқорлықтағы балалар	-	-	-	1		
	Патронаттық тәрбиеде	-	-	-	-		
2.	Мүгедек бала	-	-	1	1	-	-
3.	Көп балалы жанұя балалары	6	4	5	2	1	1
4.	Аз қамтылған жанұя балалары	15	14	17	16	5	2
5.	Толық емес отбасы	14	21	28	22	10	12

«Қайырымдылық» акциялары жоспарға сай үнемі өткізіліп жатады. Өткізілу мәліметтері жинақталған.

Оқу жылдары	«Мектепке жол» акциясы	«Қамқорлық» акциясы
2017-2018	4	4
2018-2019	2	3
2019-2020	4	6
2020-2021	2	2
2021-2022	1	3
2022-2023 (Іж.ж.)	1	3

Мектеп оқушыларының тұрмыстық жағдайын зерттеу мақсатында класс жетекшілер тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасарының ұсынған әлеуметтік паспорты бойынша қыркүйек- қазан айларын толтырды.

21. Колледждер мен жоғары оқу орындарына түскен мектеп бітірушілердің саны

9-11 сынып бітірушілердің орналасуы туралы мәліметі жинақталған. 9 -11класс бойынша оқушылардың еңбекке орналасуы туралы мәлімет

9 класс

Оқу жылдары	Оқушы саны	Колледж	Екінші жыл	10 класс	ТМД	жұмыс
2017-2018	10	0	0	9	0	1
2018 - 2019	7	2	1	0	0	4
2019 – 2020	19	11	1	5	0	2
2020-2021	18	11	1	3	1	3
2021-2022	4	0	0	0	0	4

11класс

Оқу жылдары	Оқушы саны	Колледж	Жоғары оқу	ТМД	армия	жұмыс	орналаспаған
2017-2018	48	13	4	1	0	21	10
2018 - 2019	34	11	9	2	0	14	1
2019 – 2020	45	9	3	1	1	31	1 (бала күтуде)
2020-2021	26	3	2	0	0	21	0
2021-2022	21	9	3	1	0	8	1 (бала күтуде)

21. Қатаң есептілік құжаттарын сақтау және беру

«Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2007 жылғы 23 қазандағы №502 Бұйрығы, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес бұйрықтарды тіркеу кітабы, педагогикалық кеңес хаттамалары, оқушыларды жазатын алфавиттік кітап, оқушылардың жеке іс қағаздары, класс журналдары, мұғалімдердің босатылған және ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналы, негізгі мектепті бітіргені туралы куәліктерді беру және есепке алу кітабы, мектептен кеткен, мектепке келген оқушыларды есепке тіркеу кітаптары тексерілді.

Класс журналдары нұсқаулықтың талаптарына сай толтырылған.

Педагогикалық кеңестің жұмысы мектеп директоры бекітетін жұмыс жоспары бойынша жүргізіліп отырған. Хаттамалар уақытылы жазылған. Оған педагогикалық кеңеске шығарылатын мәселелердің талқылану барысы, педагогикалық кеңес мүшелерінің ұсыныстары жазылған. Хаттамаға кеңестің төрағасы мен хатшысының қолы қойылған. Педагогикалық кеңестің хаттама кітапшасының әрбір беті нөмірленген, жіппен тігілген, мектеп мөрімен және директордың қолымен бекітілген. Педагогикалық кеңестің қаулысында атқарылған жұмыстардың шешімі жалпылама берілген.

Педагогикалық қызметкерлердің жеке құрамын есепке алудың бір кітап бар, кітап 2003 жылдың тамыз айында басталған, мұғалімдер туралы мәліметтер толық толтырылған. Жеке құрам бойынша – 04.09.2018 жылы, оқушылар қозғалысы- 18.09. 2009 жылы, негізгі қызмет бойынша – 01.09.2021 жылы бұйрық кітаптары басталған.

Мектептің алфавиттік кітаптары 1998 ж., 2000 ж., 2007 ж. басталған. Алфавиттік кітаптағы оқушылар саны қазіргі кездегі оқушылар санына сәйкес (45 оқушы).

Мұғалімдердің босатылған және ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналы бар. Негізгі мектепті бітіргені туралы куәлік беру кітабы 2004 жылы басталған. Орта мектепті бітіргені туралы аттестаттарды тіркеу кітабы 2013 жылы басталған. Кітаптар нөмірленген,

бауланған, мектеп мөрі басылған. Негізгі, орта мектепті бітіргендігі туралы құжаттарды тіркеу және есепке алу кітаптары мектеп директоры қолымен мөрімен куәландырылған.

5.5. Оқу-тәрбие жұмысы

Мектептің тәрбие жұмысының жүргізілуін тексеру барысында мектептің соңғы 5 жылдық (2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 о.ж.) құқықтық, әдістемелік және ақпараттық мәліметтер қамтылған. Тексеру барысында тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мектеп әкімшілігімен бірігіп, өткен жылға талдау жасалып, тұжырамдамаға сүйене отырып, жылдық жоспар құрылып, бекітілген.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есенбаева Кумыс Бутаевна 01.10.2005 жылы, № 26 бұйрық бойынша тәрбие ісінің орынбасары болып тағайындалған. Мамандығы неміс және ағылшын пән мұғалімі, білімі - жоғары, еңбек өтілі – 30 жыл, жоғары санатты, педагог-зерттеуші, осы сала бойынша еңбек өтілі – 16 жыл, 24.12.2021 ж. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ № 451 бұйрық бойынша «Үшінші санатты басшы орынбасары» біліктілік санаты бекітілді.

Мектептің тәрбие жоспары келесі нормативтік құжаттарға негізделген:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің нормативтік негізін Қазақстан Республикасының келесі стратегиялық құжаттары құрайды:

-Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011. 02. 02. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

-«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ Кодексі (2014. 17.11. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (2015.13.01. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

-«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы (2014.29.12. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-ІҮ Заңы;

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»;

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы - 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»;

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол»;

- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығымен бекітілген (2014. 12.08. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 жарлығымен бекітілген;

- Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген;

- «Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы;

- «Қазақстан - 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысымен мақұлданған;

- Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 Бұйрығымен бекітілген;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 Бұйрығы.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері : Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын, Бала құқықтары туралы конвенцияны, Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының халықаралық декларациясын, Үздіксіз білім беру бойынша ЮНЕСКО ұсынымдарын ескереді.

Кешкі мектептің негізгі міндеті – түрлі себептермен күндізгі мектепте, колледждерде оқи алмаған, мысалы, педагогикалық бақылаусыз қалу, ауру себептері, оқуға деген ынтасының болмауы, отбасындағы ауыр тұрмыс жағдайы және т.б. байланысты келген «қиын» жасөспірімдерді әлеуметтік-психологиялық оңалту және бейімдеу болып табылады.

Кешкі мектептің ерекшеліктерінің бірі – «проблемалық (қиын)»: нашар оқитын және тәрбиелеуге қиын балалармен жұмыс. Олар жұмысқа қабілеттерінің төмен болуы, оқуға ынтасының болмауы мен тәртіпсіздігімен ерекшеленеді.

Мектептегі тәрбие жұмысының **мақсаты**: Оқушыны тұлға ретінде қалыптастыру, лайықты, өзіне сенімді, оның өмірі мен іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау. Мектептің тәрбие жұмысының мақсаты - қазіргі жағдайда бағдарды білетін адамның жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Мектептегі тәрбие жұмысының **міндеттері**:

- өзіне және айналасындағыларға деген оң көзқарастың қалыптасуы мен дамуына ықпал ету, өзін-өзі тану және иеліктен кету сезімдерін жетілдіру, мазасыздық пен агрессияны жою, оқуға және өз денсаулығына деген жағымды қатынасты қалыптастыруға ықпал ету;
- оқудың жағымды мотивациясы мен оқу қызметінің оң динамикасын құру арқылы танымдық қызығушылықтардың дамуын қамтамасыз ету;
- әр оқушыға әлеуметтік-психологиялық қорғаныс беру;
- психологиялық тұрғыдан қолайлы орта құру;
- жетістікке жағдай жасау;

Тәрбие жұмысының **басым бағыттары**:

1. Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге,

Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ;

толыққанды отбасын, құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық;

отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру

7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Тәрбиенің жылдық талдаулары жыл сайын жасалады.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

2017-2018 оқу жылында барлық класс жетекшілердің ұйымдастыруымен өткен:

Мектеп акт залында «Рухани жаңғыру», «Бақытты бала» бұрыштары ұйымдастырылды және оқушылар арасында «Менің отаным -Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағаттары және

«Менің Қазақстан» атты сурет байқауы өткізілді. Астананың 20 жылдығына, Президент күніне класс сағаттары өткізілді. Оқушылар Н.Назарбаевтің халыққа «4-ші өндірістік революция» Жолдауымен наурыз айында таныс болды. Оқушылар бойына патриоттық сезімді, діни сауаттылықты қалыптастыру, туған жерге тағзым ету мақсатында мектеп кітапханашысы А.Куржикова «Тәуелсіздік дәуірі», «Елдің қауіпсіздігі мен тыныштығың кепілі», «Космический Казахстан» тақырыбында көрме ұйымдастырды. Бұл шараларға шақырылған қонақтар болды: «Адия» орталығының тарихшысы Узакбаев Серік Амангелді, № 23 ОМЛ Исмаилова Катя Куатовна, Ақтобе ОМ тарихшысы Али Жұбанышұлы. Сынып жетекшілері «Зорлық-зомбықсыз балалық шақ» тақырыбында класс сағаттарын өткізді.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Бұл бағытта : «Коррупции скажем-нет!», «Коррупция и борьба с ней », «Сыбайлық жемқорлық дегеніміз не?» «Жемқорлық - қоғам дерті» т.б. тақырыптарда тәрбие сағаттары өткізілді.

27.02.2018. күні Ауған соғысының ардагері және № 66 орта мектеп ұстазы Бауыржан Жарылгасыновпен кездесуді АӘД пән мұғалімі Т. Алжанов мен биология пән мұғалімі А.Аманкулова өткізді. Кездесуде оқушылар сурақтар қойып, соларға жауап алды. Нәтижесінде оқушылар өздерін Отан алдындағы патриоттық борышын сезініп, қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат болуына, өз Отанына сүйіспеншілігін оятты.

Мемлекеттік рәміздерді кәдірлеу тәуілсіз Қазақстанның әрбір азаматық борышы. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – елді, халықты, тарихты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қастерлеу болып табылады. Класс жетекшілер бұл мақсатқа жету үшін класс сағаттарын өткізді, оқушылардан сауалнама алынды.

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды терең тануға баулу мақсатында класс сағаттары өткізілді, орыс тілі пән мұғалімі Гумарова Г.У. әдеби кеш өткізді. Оқушылардың Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайтуға тәрбиелеу мақсатында осындай шаралар әр жыл сайын өткізіліп тұрады.

2018-2019 оқу жылында барлық класс жетекшіліктердің ұйымдастыруымен өткен:

Ақтөбе қаласының 150 жылдығына сурет байқауы ұйымдастырылды. Аралова М., Туребеков А., Толыбаева К. салған суреттерінде қаланың әдемі жерлерін салып, өздерінің қалаға сүйіспеншілігін көрсете білді. С.Берманованың ұйымдастыруымен «Қазақстандықтар ҰОС жылдарында» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізілді. Оқушылар ҰОС ардагерлеріміздің киелі есімдерін танып, отанға жаның қиған ағалар мен апалардың, қазіргі таңдағы арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерліктерін үлгі ете отырып, оларды құрметтейтіндерін айтып жеткізді.

Ақпан айында «Ауғанның асуында от кешкендер» Ауған соғысының ардагері және №66 орта мектеп ұстазы Бауыржан Жарылгасыновпен кездесу ұйымдастырылды. 10 класс оқушылары Е.Мусаев, Р.Арсланұлы жекпе-жек қорғану тәсілдерін көрсеті. Т.Бикторов, Р.Тадаев, Р.Казакевич әскери тематика ән орындап берді.

Сәуір айында Бестамақ ауылында орналасқан Есет батыр бабамыздың кесенесіне мектеп ұжымы мен мектеп оқушылары барды. Батыр мұражайы туралы, оның кесенесінің орналасу жері туралы көптеген мағлұматтар алынды. Нәтижесінде оқушылар өз Отанына деген патриоттық сезімі, туған жеріне деген сүйіспеншілігі оянды.

Ғарышкер күніне жыл сайын физика пән мұғалімдері В.Французов, Р.Абдикапарова облыстық планетарийге оқушыларды дәріске апарады, «Ғарышкер күні» класс сағаттар өткізіледі.

2019-2020 оқу жылында барлық класс жетекшіліктердің ұйымдастыруымен өткен:

«Президент күні», «Тұғыры биік Қазақстан», «Толерантность в обществе», «Алтын күз», «Жаңа жыл», «8 наурыз», «Наурыз мейрамы» атты шаралар өткізілді.

«Мы едины», «Жеңіс күні» т.б. тақырыпта тәрбие сағаттары Онлайн-мектеп платформасына салынды.

Класс жетекшілер өз жұмысында әр түрлі әдістерді қолданады: дәріс, сауалнама, пікір сайыс, викторина, әнгіме, экскурсия. Класс сағатарында қазіргі жаңа технологияларын қолданады.

Оқу жыл барысында «Шанс» кәмелетке толмағандарға әлеуметтік-психологиялық құқықтық қолдау орталығының мамандарымен бірнеше рет кездесулер ұйымдастырылды. Психолог Г. Косниязова, юрист А.Косжанова «Жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу» тақырыбында тренинг өткізді.

2020-2021 оқу жылында барлық класс жетекшіліктердің ұйымдастыруымен өткен

«Конституция РК», «Мәңгілік Ел», «Сыбайлас жемқорлық баланың көзімен», «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» және т.б. тақырыбындағы тәрбие сағаттары, «Мемлекеттік рәміздер-ұлт мақтанашы»- сауалнама алынды.

Онлайн режимінде ауған соғысының ардагерімен Т.Тюлембаевпен кездесу ұйымдастырылды. Ол әскериге барғанда 18 жастағы жас балаарға соғыс қызметі туралы айтпағының айтты. Душмандардың қатыгездігі туралы айтты, жастардың батылдығы туралы айтты. Мектеп инспекторы А.Исмурзина оқушылар карантин бұзбауын, құқықбұзышылық жасамау онлайн түрінде оқушыларды шақыртты.

Мектеп кітапханашысы А.Дәрмен оқушылар арасында Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын мәнерлеп оқу эстафетасын ұйымдастырды.

«Терроризму- нет» дәрісте адамзат гуманизм, әдеттілік, жақсылық, ұмытылған сенім принциптері ұмытпауға оқушыларды шақырылды. Дәріс сонында ТІЖДО К.Есенбаева «Терроризм қауіпсіздігі туралы естеліктер» тақырыбында Кахут желісі арқылы интерактивті ойын өткізілді.

2021-2022 оқу жылында барлық класс жетекшіліктердің ұйымдастыруымен өткен: «Білім күні», «Ұстазым менің ұстазым!», «Электронды темекі және оның зияны», «Қауіпсіз интернет», «Тұңғыш президент», «Коррупцияға қарсымыз» т.б. класс сағаттары өткізілді.

«Ұлы дала елі: тәуелсіздік жетістігі мен жасампаздыққа толы жылдар» шарасында оқушылар 1986 ж. демократиялық оқиғалармен танысты, Алматы қ. оқиға және оның қатысушылармен болған жағдайлары туралы түсінік алды. Қазақстанның 30 жылдығына орай «Эра созидания» тақырыбында викторина өткізілді. Оқушылар өздері тұратын елі туралы, оның мәдениетімен мен тарихы туралы сұрақтарға жауап берді. «Сақ болыңыз» терроризмдің алдын алу дәрісіне «Дін істері және қоғам орталығы» теолог маманы М.Б. Жумабаев шақырылды. Ол оқушыларға деструктивті топтарға түспеу үшін бірнеше кеңестер берді. Болашаққа мотивация берді.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «А.Байтұрсынұлы – ұлт жанашыры» әдеби кеші ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен ғалымның өмір баянымен таныстыру. «Білгірлер» байқауы өткізілді.

Оқушылар Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасына саяхат жасады, олар кітапхана өмірімен танысты, білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғынды.

«Ауған соғысы-жүректегі жара» ауған соғысының ардагерлерімен Б.Жарылгасыновпен, Ж. Мардановпен кездесу ұйымдастырылды. Ардагерлер басынан өткен соғыс зардабын айта келе, қазіргі бейбіт заман сарбаздарының батырлық, ерлік қасиеттерін атап өтті.

2022-2023 оқу жылында барлық класс жетекшіліктердің ұйымдастыруымен өткен: Анаға тағзым А.Муханова, «Манты От Жанат» ЖШС-нің Ж.Бекбауваның ұйымдастыруымен 7-11 класс оқушылары үшін өмір құндылығы, болашаққа жоспар жасау, бизнес құруға серпін беруге арналған кездесулер өткізілді.

«Біз-біргеміз» тақырыбында ұжымдық сезімді қалыптастыруға арналған Е.А.Биекенованың ұйымдастыруымен тренинг өткізілді. Мектеп психологы А.М.Дюсупова «Жасөспірім өміріндегі тик-ток», «Көлеңке театры», «Буллинг, кибербуллинг», «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» тақырыптарында профилактикалық жұмыстар жүргізді.

Р.А.Абдибекова «Отбасы – құндылықтарын қалыптастыру», Ж.С.Жумагулова «Мені Қазақстаным» тақырыптарында сыныптан тыс мектепшілік шаралар өткізді.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың және құқықбұзушылықтың алдын алу іс-шаралары бойынша жүргізілген жұмыстар

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 2017-2018 жж, 2018-2019 жж, 2019-2020 жж, 2020-2021 жж, 2021-2022 жж жоспарлары жасалған.

2017-2018 оқу жылында : «Жастарды қылмысқа баулитын не?» «Заңды білу заман талабы», «Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық», «Бала және Заң талаптары», «Мен және менің құқығым» , «Права ребенка, права человека» , «На что имеем право», «Өз құқығыңызды білесіз бе?» тақырыбында дәріс, сауалнамалар , класс сағаттары өткізілді. Полиция өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылды. Конфликтілік жағдай болғанда медиатордың көмегімен конфликтер шешілді.

2018-2019 оқу жылында «Ұрлық -түбі қорлық», «Құқық бұзушылықтың алдын-алу», «Жат қылықтан жирен», «Уголовное наказание», «Мои права и обязанности», «Профилактика правонарушений», «Ответственность за совершение правонарушений», «Профилактика правонарушений летний период», «Нормы права и морали в обществе», «Құқық бұзушылық және заң алдындағы жауапкершілік» «Суицид туралы шындық пен аңыз» «Закон на нашей земле» т б , бағытта тәрбие сағаттары өткізілді. «Құқық бұзушылық және заң алдындағы жауапкершілік» «Жасөспірім және қару. Құқықтық жауапкершілік» тақырыбында ата-аналар жиналысында және жеке әңгімелер өтті. Мектеп инспекторы А.К.Тулеев, Заречный І учаскелік инспекторы Сембай Д.М. оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізді. А.К.Тулеев «Суық қару және оның зардаптары» тақырыбында оқушыларға лекция өткізді. Кәмелеттік жасқа толмаған балалар инспекторы құқық бұзушылықтың заң бойынша қандай жаза түрлері қолданылатыны жөнінде балалармен әңгіме жүргізді. Сынып жетекшілері мен оқушылар тарапынан сұрақтарға жауап берді. Мектеп оқушылары арасында жиі кездесетін құқық бұзушылықтар жөнінде мысалдар келтіріп, жаза түрлерін баяндады. Нәтижесінде оқушылар құқықтары мен міндеттерін біледі, қоғамның заңдары мен нормаларын орындайды.

2019-2020 оқу жылында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу мақсатында республикалық деңгейде өткен "Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ" атты акция шеңберінде мектеп мұғалімдері «Түнгі қаладағы балалар», «Көше», «Жасөспірім» атты рейдтік шараларға қатысты.

Мектепте «Жастар және қылмыс» тақырыбында жоспарға сәйкес оқушылар арасында дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар арасындағы бопсалау оқиғаларына байланысты алдын алу жұмыстарын ұйымдастыруды көздеген шарада кәмелетке толмағандар арасындағы тәртіп бұзушылық пен қылмыстың жағдайы туралы Елек ішкі істер бөлімінің кәмелетке жасы толмағандар бөлімшесінің капитаны Д.Иманалинның баяндамасы тыңдалып, класс жетекшісі С.Т.Берманова «Жастар арасындағы қылмыстың себеп-салдары және онын алдын алу мәселелері» тақырыбында оқушылармен әңгіме жүргізді. Құқықтық оқуды ұйымдастыру және сапалы өткізу хақында ой қозғады. Оқушылар тарапынан туындаған сұрақтарға жауаптар қайтарылды. Дөңгелек үстел мектеп психологының ұйымдастыруымен өткізілген «Ашуды жеңу қолымыздан келеді!» деген тренингпен қорытындыланды.

2020-2021 оқу жылында «Шанс» кәмелетке толмағандарға әлеуметтік-психологиялық құқықтық қолдау орталығының мамандарымен жыл бойы іс-шаралар өткізілді. Психолог Г.М. Косниязова, юрист А.Ж. Кошанова оқушылармен әр түрлі тренингтер өткізді. «Малика» тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығының директоры Д.К.Карабалина, «Аналар үйі» қоғамдық қордың үйлестірушісі М.С.Ахметжанова, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспектор, полиция майоры Касанғалиева А.М. «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» атты акция барысында кездесу өткізді. Дәстүрлі «Құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында тәрбие сағаттар өткізілді..

2021-2022 оқу жыл барысында ювеналдік полиция қызметкері Сундетбаева А.А. оқушылар мен ата-аналарға «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дәріс оқыды. Сонымен қатар «қиын» оқушылармен жеке әңгімелер жүргізіп отырды. «Оқушы ережесі», «Сен және заң», «Жолдан абай бол», «Заңды білшен жөн екен», «Кәмелетке толмаған жасөспірімдерге қатысты, жыныстық қатынастағы күш қолдануға жол бермеу алдын алу жұмыстары» т.б. класс сағаттар мен сауалнамалар өткізіледі.

Үнемі есепте тұрған оқушылармен класс жетекшілер психологпен бірлесіп коррекциялық жұмыс жасайды. Әр түрлі әңгіме, методикалар, тренингтер ішкі мотивация беру үшін, бала өзіне сену үшін өткізіледі.

Ақтөбе қаласы ІІБ Алматы ауданы №3 қалалық полиция бөлімімен жыл сайын бірлескен жұмыс жоспары бекітіледі. Жоспарға сай бірлескен рейдтер, профилактикалық әңгімелер, кездесулер өтеді. Құқықбұзушылықтың алдын-алу кеңесі жұмыс жасайды. «Балалар түнгі қалада», «Жасөспірім» республикалық акцияларда жұмыстар жүргізілген.

Құқықбұзушылықтың алдын-алу кеңесінің жылдық хаттамалары жазылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген.

2022-2023 оқу жыл барысында ювеналдік полиция қызметкері Сундетбаева А.А. оқушылар мен ата-аналарға «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дәріс оқыды. Сонымен қатар «қиын» оқушылармен жеке әңгімелер жүргізіп отырды. «Оқушы ережесі», «Сен және заң», «Жолдан абай бол», «Заңды білшен жөн екен», «Кәмелетке толмаған жасөспірімдерге қатысты, жыныстық қатынастағы күш қолдануға жол бермеу алдын алу

жұмыстары» т.б. класс сағаттар мен сауалнамалар өткізіледі. Ата-аналармен жеке жұмыс жүргізілуде.

Үнемі есепте тұрған оқушылармен класс жетекшілер психологпен бірлесіп коррекциялық жұмыс жасайды. Әр түрлі әңгіме, методикалар, тренингтер ішкі мотивация беру үшін, бала өзіне сену үшін өткізіледі.

Ақтөбе қаласы ПБ Алматы ауданы №3 қалалық полиция бөлімімен жыл сайын бірлескен жұмыс жоспары бекітіледі. Жоспарға сай бірлескен рейдтер, профилактикалық әңгімелер, кездесулер өтеді. Құқықбұзушылықтың алдын-алу кеңесі жұмыс жасайды. «Балалар түнгі қалада», «Жасөспірім» республикалық акцияларда жұмыстар жүргізілген.

Құқықбұзушылықтың алдын-алу кеңесінің жылдық хаттамалары жазылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген.

Мобильді топ құрамымымен, оның ішінде №3 ҚПБ-нің полиция қызметкері Сундетбаева А.А. «Тәуекел топ» оқушыларының тұрмыстық жағдайын тексеру жұмыстарын жүргізуде.

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 5 жылдық төмендегідей көрсеткіш көрсетіп отыр.

<i>Атаулары</i>	<i>2017-2018</i>	<i>2018-2019</i>	<i>2019-2020</i>	<i>2020-2021</i>	<i>2021-2022</i>	<i>2022-2023 I ж.ж.</i>
Оқушылардың контингенті	79	68	70	57	34	40
"Тәуекел топ"	3	4	10	6	2	5
Мектепшілік тіркеу		4	4	3	3	1
Ішкі істер бөлімінің жасөспірімдер инспекциясына тәркеу	1	10	8	11	5	3
"Сәтсіз отбасы"	1	1	3	4	0	0
Қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар	0	2	1	3	1	0

Мектеп инспекторлары жыл сайын алмастырылып тұрса да, жоспар бойынша барлық шаралар өткізіледі. 2017-2018 о.ж.- Тулеуов А., 2018-2019 о.ж., 2019-2020 о.ж - Губайдуллин Н., 2020-2021 о.ж. – Исмурзина А.Б., 2021-2022, 2022-2023 о.ж.-Сундетбаева А.А. оқушылардың арасында жеке профилактикалық әңгімелер жүргізеді. Класс жетекшілерімен үнемі байланыста, оқушылардың үйлеріне барып ата-аналармен сөйлеседі.

Оқушылардың істерінің қаралған бес жылдық төмендегідей көрсеткіш

<i>Атаулары</i>	<i>2017-2018</i>	<i>2018-2019</i>	<i>2019-2020</i>	<i>2020-2021</i>	<i>2021-2022</i>	<i>2022-2023</i>
Ақтөбе қ. қалалық КЖТЖЖК мектептен шығарылған	1	3	13 – 6 материал қаралды, 7- карантин болғандықтан қаралмады	6	4	1
Ақтөбе қ. қалалық КЖТЖЖК мектептен жіберілген	0	2	1	1	1	3
Ақтөбе қ. білім бөлімде	0	0	0	0	0	0
Құқық кеңесінің	4	17	13	21	12	3

отырыстары						
------------	--	--	--	--	--	--

№1 қосымша

№	Оқу жылы	Кай жерде қаралғаны
1	2017-2018	Педагогикалық кеңесте тәрбие жұмысына қатысты қаралған мәселелер 10.11.2017. «Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің жұмыс жағдайы. Мектептегі діни тәрбие.» ТІЖДО Есенбаева К.Б. «Мұғалім мен оқушы арасындағы жағымды әлеуметтік-психологиялық жағдай туғызу» -психолог Кудабоева А.З. «Рухани жаңғыру: жаңғырудың үшінші кезеңін жүзеге асыру» 05.01.2018. «Қиын бала және отбасы тәрбиесінің әсері» -психолог Кудабоева А.З. «Мәңгілік Ел» бағдарламасы аясындағы тәрбие жұмысы» 9 класс жетекшісі Берманова С.Т. «Оқушылардың азаматтың жауапкершілігін, құқықтық сана-сезімін, рухани әрекетін ,табысты әлеуметтік ортаға бейімделу қабілетін қалыптастыру»- 10 «б» сынып жетекшісі Кравченко Е.В. «Оқу-тәрбие процесінде «қиын» балаларды психологиялық тәрбиелеу жолдары» - 11 «а» сынып жетекшісі Аманкулова А.О. «Мектептегі құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің жұмыс жағдайы. Өзіне өзі қол жұмсауының алдын алу» ТІЖДО Есенбаева К.Б. «Оқушылар арасында әскери-патриоттық тәрбие»- АӘД пәні мұғалімі
		Директор жанындағы кеңесте тәрбие жұмысына қатысты қаралған мәселер: 24.11.2017. «Тәуекел» тобындағы оқушылармен жұмыс жүргізу әдістері - ТІЖДО «Класс жетекшілердің, психологиялық қызметтің «Тәуекел» тобындағы оқушылармен жұмыс туралы»- психолог 29.12.2017. «Класс жетекшілердің 1 жартыжылдықтағы тәрбие жұмысы жоспарының орындалуы»- ТІЖДО 12.01.2018. «ҚР президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы»- Берманова С.Т. 31.01.2018.- «Мектепшілік есепте тұрған және әлеуметтік жағдайы қиын оқушылардың үйірме және секциялардан тыс бос уақыттарын пайдалану», «Психология апталығы аясында өткен шаралар» - психолог Кудабоева А. 28.04.2018. «2017-2018 о.ж. «Тәуекел» тобындағы оқушылармен жүргізілген жұмыс»- психолог Курмашева А.
2	2018-2019	Педагогикалық кеңесте тәрбие жұмысына қатысты қаралған мәселелер: 08.11.2018. «Жасөспірімдердің психикалық даму ерекшеліктері» -психолог Сейткереева А.Е. «Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің жұмыс жағдайы» -ТІЖДО Есенбаева К.Б. 09.01.2019. « Салауатты өмір салтының негіздері» -психолог Сейткереева А.Е., 10 класс жетекшісі Берманова С.Т. «Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің жұмыс жағдайы» -ТІЖДО Есенбаева К.Б. 30.03.2019. «Оқушылардың жас ерешелектері: мәселелер, қақтығыс, оқуға деген қарым-қатынас» -психолог Сейткереева А.Е., 10 класс жетекшісі Абдибекова Р.А. «Оқушылар арасындағы әскери-патриоттық тәрбие»- АӘД пәні мұғалімі «Мектеп территориясында ланкестік әрекеттер қауіпі» директор Тлеулиева

		Б.К. 12.05.2019. «Мектеп психологінің есебі» психолог Сейткереева А.Е.
		Директор жанындағы кеңесте тәрбие жұмысына қатысты қаралған мәселер: 08.10.2018. «ҚР президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы»- Берманова С.Т., Жумагулова Ж.С. 23.11.2018. «Тәуекел» тобындағы оқушылармен жүргізілген жұмыс»- психолог Сейткереева А. 28.12.2018. «Класс жетекшілердің 1 жартыжылдықтағы тәрбие жұмысы жоспарының орындалуы»- ТІЖДО 26.01.2019. «Өз өмірің-өз қолыңда» атты психологиялық апталықтың өткізілуі» - психолог Сейткереева А. 25.04.2019. «Тәуекел» тобындағы оқушылармен жүргізілген жұмыс»- психолог Сейткереева А.
3	2019-2020	Педагогикалық кеңесте тәрбие жұмысына қатысты қаралған мәселелер: 01.11.2019. «Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің жұмыс жағдайы» -ТІЖДО Есенбаева К.Б., 9 класс жетекшісі Камысбаева Г.А., 11 класс жетекшісі Берманова С.Т. «Мектеп оқушыларының бейімделуі» психолог Сейткереева А. «Мектеп территориясындағы ланкестік әрекеттер қаупі» директор м.а. Гумарова Г.У. 06.01.2019. «Оқушылардың тұлғалық өсуін қамтамасыз етудегі сынып жетекшісінің рөлі» 11 класс жетекшілері Абдибекова Р.А., 10 класс жетекшісі Жумагулова Ж.С. «Девиантты мінез-құлықтың, әртүрлі тәуелділіктің алдын алу» - психолог Сейткереева А. «Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің жұмыс жағдайы» -ТІЖДО Есенбаева К.Б. 18.03.2020. «Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісіндегі сынып жетекшісінің рөлі» 11 класс жетекшісі Ахметова Г.З., мектеп психологы Сейткереева А.Е. «Тілдер туралы Заңның орындалуы туралы» -Абдибекова Р.А.
		Директор жанындағы кеңесте тәрбие жұмысына қатысты қаралған мәселер: 19.12.2019. ««Класс жетекшілердің 1 жартыжылдықтағы тәрбие жұмысы жоспарының орындалуы»- ТІЖДО
4	2020-2021	Педагогикалық кеңесте тәрбие жұмысына қатысты қаралған мәселелер: 11.11.2020. «Мектептегі құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің жұмыс жағдайы» -ТІЖДО Есенбаева К.Б. «Мектеп оқушыларының бейімделуі» психолог Сейткереева А., 9 «б»класс жетекшісі Сериккалиева Т.С. 06.01.2021. «Тәуекел тобындағы» оқушылармен жеке жұмыс жоспарлаудағы сынып жетекшісінің жұмысы» -класс жетекшісі Тлеулиева Г.К. «Құқық бұзушылықтың алдын алудағы психологтың қызметі » - психолог Сейткереева А. «Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің жұмыс жағдайы» -ТІЖДО Есенбаева К.Б. 30.03.2021. «Жасөспірім жастың ерекшеліктері және олардың қарым-қатынас сипатына әсері» Камысбаева Г.А. 10 класс жетекшісі. «Жеке проблемалары бар балалар» психолог Дюсупова А.М. 12.06.2021. «Мектеп психологының жұмысы»- Дюсупова А.М.

		«Мектеп тәрбие жұмысының талдауы» -ТІЖДО Есенбаева К.Б.
		Директор жанындағы кеңесте тәрбие жұмысына қатысты қаралған мәселер: 24.10.2020. «2020 ж. қазан айында оқушылармен жүргізілген адаптациялық жұмысы- психолог Сейткереева А. 20.02.2021. «Сынып жетекшілерінің сынып сағаттарың өткізу туралы» - ТІЖДО 19.03.2021. «ҰБТ тапсыратын оқушыларға арналған психологиялық кенестер»- психолог Дюсупова А.М. 29.04.2021. «Есепте тұрған оқушылармен жұмыс» - психолог Дюсупова А.М.
5	2021-2022	Педагогикалық кеңесте тәрбие жұмысына қатысты қаралған мәселелер: 05.11.2021. «9,10 класс оқушыларының беімделеу кезеңінің қорытындысы» психолог Дюсупова А.М., 10 «б» класс жетекшісі Айжарқынов Н.Қ. «Мектептегі құқықбұзушылықтың алдын алу жөнендегі Кеңестің жұмыс жағдайы» -ТІЖДО Есенбаева К.Б. «Қазіргі терроризм және оның көріністері» -ТІЖДО Есенбаева К.Б. 12.01.2022. «Білімді, физикалық және рухани жағынан дені сау,өзін өзі жүзеге асыруға және өзін-өзі аңықтауға қабілетті тұлға тәрбиелеу» 11 класс жетекшісі Камысбаева Г.А. «Мектептегі құқықбұзушылықтың алдын алу жөнендегі Кеңестің жұмыс жағдайы» - ТІЖДО Есенбаева К.Б. «Құқықбұзушылықтың алдын алу психологиялық қызметінде» психолог Дюсупова А.М.
		Директор жанындағы кеңесте тәрбие жұмысына қатысты қаралған мәселері: 1. « Психологиялық қызмет бойынша жүргізілген жұмыс»- психолог Дюсупова А.М. 2. 25.11.2021. « 10 класс жетекшісі Н. Қ.Айжарқыновтың жұмысын дербес бақылау» -ТІЖДО 3. «Сынып жетекшілері мен психологиялық қызметтің «тәуекел тобы» мен «қиын балалармен» жұмысы»- психолог Дюсупова А.М. 4. 29.12.2021. «Оқушылардың деструктивті мінез-құлқының алдын алу бойынша жұмысы» -ТІЖДО 4. «Тәрбие сағаттарының өткізілуі туралы» -ТІЖДО 5. Эмоционалды шаршау синдромының алдын алу жолдары және психологиялық қолдау»- психолог Дюсупова А.М.
6	2022-2023 (Іж.ж.)	Директор жанындағы кеңесте тәрбие жұмысына қатысты қаралған мәселе 7,8,10 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі. 26.10.22ж. Тәуекел тобындағы, қиын оқушылардың сабаққа қатысы жөнінде психологиялық жұмыстар. 23.11.22ж.

Ата-аналар жиналысында тәрбие жұмысына қатысты қаралған мәселері		
2017-2018 о.ж. № 1 жиналыс, 17.10.2017.: «Оқушылардың физикалық, психологиялық денсаулығын нығайту бағдарламасы турал, ата-аналарға түсіндіру»-психолог Кудабоева А. «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдарлама»- кл.жет.Аманкулова А.О. №2 жиналыс, 26.12.2017. «Құқық бұзушылықтың алдын алу» кл.жет.Жумагулова Ж.С. № 3 жиналыс 30.03.2018. «Кәсіби бағдар беру» кл.жет.Аманкулова А.О. «Бес әлеуметтік бастама» - кл.жет.Берманова С.Т. № 4 жиналыс, 17.02.2018. «Білімді ұлт-білім берудің және отбасылық құндылықтардың сапасы» -директор Тлеулиева Б.К. Мектеп оқушыларын тәрбиелеудің негізі ретінде «Рухани жаңғыру» - кл.жет.Берманова С.Т.	2018-2019 о.ж. № 1 жиналыс 28.09.2018.: «2017-2018 о.ж. тәрбие жұмысының есебі»-ТІЖДО Есенбаева К.Б. № 2 жиналыс 27.12.2018. «Ғаламтордың пайдасы мен зияны»- Нурмуханова С.С. «2018-2019 о.ж. 1 жартыжылдықтағы тәрбие жұмысының есебі»- ТІЖДО Есенбаева К.Б. Тренинг «Менің балам қандай?»-психолог Сейткереева А.Е. №3 жиналыс 05.03.2019. «Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет»-Альжанов Т.У. «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу», «Менің отбасым» тренинг - психолог Сейткереева А.Е. №4 жиналыс 06.04.2019. «Мектепте смартфон ұстауға тыйым салу» ТІЖДО Есенбаева К.Б. «Болашақ жастардың қолында» -директор Тлеулиева Б.К. «Отбасында бала тәрбиесінің бастысы» - ТІЖДО Есенбаева К.Б.	2019-2020 о.ж. № 1 жиналыс 26.09.2019. «Құқық бұзушылықтың алдын алу» ТІЖДО Есенбаева К.Б. «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу»- психолог Сейткереева А.Е. №2 жиналыс 09.10.2019. «Оқушылардың жолда жүру қауіпсіздігі» -инспектор Исмурзина А. «Ерте жүктіліктің алдын алу» медбике Чабанова Л.С. №3 жиналыс 20.11.2019. «Кәмелет жасқа толмаған оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және ата-аналардың жауапкершілігі»- директр м.а. Гумарова Г.У. «Дүниежүзілік балалар күні» Берманова С.Т. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру»- Жумагулова Ж.С. № 4 жиналыс 27.12.2019. «Снюс», электрондық темекі, тағы басқа өнімдерге тыйым» ТІЖДО Есенбаева К.Б. «Жыныстық тиіспеушілік туралы» - психолог Сейткереева А.Е.
2020-2021 о.ж. № 1 жиналыс 19.09.2020. «2019-2020 о.ж. тәрбие жұмысының есебі»-ТІЖДО Есенбаева К.Б. №2 жиналыс 28.12.2020. «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Суицидтің алдын алу» - психолог Сейткереева А.Е. №3 жиналыс 16.03.2020. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру бойынша	2021-2022 о.ж. №1 жиналыс 25.09.2021. «Отбасы -бақыт аясы» - тренинг -психолог Дюсупова А.М. «Құқықбұзушылықтың алдын алу. Жолдарда қауіпсіздікті сақтайық»- ТІЖДО Есенбаева К.Б. «Зорлық-зомбылықтың алдын алу.Ерте жүктілік туралы» - психолог Дюсупова А.М.	2022-2023 о.ж.(І ж.ж.) №1 жиналыс 16.09.2022. 1.Жаңа оқу жылының басталуы. Тақырыбы: «Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы». 2.Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру: мектеп формасы, тыйым салынған заттар. 3.Өмір қауіпсіздігі (ана - аналарға ескерту).

қабыданған іс шаралар» - Коннысбаев М.А. «Экстремизм мен терроризмнің алдын алу» -Жумагулова Ж.С. №4 жиналыс 22.05.2021. «Кәсіби бағдар беру» -Есенбаева К.Б. «Мектеп оқушыларының жазғы демалыстары (құқық бұзушылықтың алдын алу, жұмыспен қамтылуы, қауіпсіздік шаралары)-инспектор Исмурзина А.Б. Ата-аналармен рефлексия-психолог Дюсупова А.М.	№ 2 жиналыс 01.11.2021. «Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық» - психолог Дюсупова А.М. №3 жиналыс 22.02.2022. «Құқықбұзушылықтың алдын алу. Заң бұзушылық неге әкеліп соғады» -ТІЖДО Есенбаева К.Б. «Қамқорлық» акциясы туралы-ТІЖДО Есенбаева К.Б. «Өз өзіне қол жумсаудың алдын алу жолдары, диагностика нәтижесі»- психолог Дюсупова А.М.	4. ҚР президенті Қ.Токаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 5.Ата –аналар комитетін сайлау. 6. Психологиялық тренинг.
---	---	--

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша бес жылдық жоспар бар. Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар: ауру шақыратын факторлардың әсерін төмендетуге, ішімдіктің, темекенің, есірткінің зияндығына, қимыл-қозғалыстың аздығына, құнарлы тамақтанбауға қарсы жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарына негіз салды.

2017-2018 жж. «Спорт есірткіге қарсы» спорт жарысы. Класс сағаттары: «Темекі мен арақтан аман болшы балапан», «Стань донором-подари жизнь», «Наркомания-шаг в бездну», «Туберкулез –убийца №1», сонымен қатар сынақхаттар жазылды: «Тұмау», «Туберкулез», «Салауатты өмір салты-бұл не?» Әлеуметтік роликтер, «Древо жизни» бейнероликтері оқушыларға көрсетілді.

Медбике Чабанова Л.С. оқушылармен «Жеке гигиена» жеке әңгімелерімен бірге «Дұрыс әрі тиімді тамақтану тәртібі» атты дәріс оқыды.

2018-2019 жж. класс сағаттары: «Здоровый образ жизни», «Предупрежден значит вооружен», «Правильное питание», «Польза и вред сотового телефона», «Наркотикам нет» жоспар бойынша өтті. Класс жетекшілер класс сағаттарын ұйымдастырғанда презентация, фото-слайд арқылы оқушыларды өмірлік тәжірибеге және өздерін дұрыс қарауға үйретеді. СПИД орталығының дәрігері Б.М. Кадыровамен және № 2 ауруханың гинеколог дәрігерімен Ф.И.Алтынбековамен кездесу өткізілді. Оқушылар «Бешенство», «Гепатит» тақырыптарында диктант жазды.

2019-2020 жж. № 2 ауруханың гинеколог маманы Б.Мукашева қыздардың арасында профилактикалық дәріс оқыды. Денсаулық сақтау орталығының эпидемиолог - дәрігері «Профилактика ОРВИ и гриппа» тақырыбында семинар-тренинг өткізді. Класс сағаттары: «СПИД 21 ғасыр індеті», «Тазалық денсаулық кепілі», « Половое воспитание», «Болезни, передаваемые воздушно капельным путем», «Тұмаудан сақтанайық» диктанттары өткізілді.

2020-2021 жж. «Репродуктивті денсаулық, жастардың жыныстық және адамгершілік тәрбиесі, ерте жүктілік, түсік түсіру және оның салдары» тақырыбында № 2 қалалық емханың гинекологі Г.Б. Касанова түсіндірме жұмыстарын жүргізді. № 2 қалалық емханың наркологі Надольская М.В., фтизиатр Шаутонова Ж.З. мамандарымен кездесу ұйымдастырылды. «АИТВ және ЖИТС-тан қалай сақтану керек» тақырыбында оқушылар арасында ЖИТС отралығының алдын алу бөлімінің меңгерушісі Жайлаубаева Айжан Амангалиевнамен онлайн - кездесу өткізілді. Класс сағаттары: «Профилактика вредных веществ», «Правила личной

гигиены», «Профилактика КОВИД-19» , « Профилактика туберкулеза», «Зимние виды спорта».

